# SARYARQA

3 қыркүйек
2021 жыл

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№34 (8246)



АЙНА

МАРАПАТ ТҰҒЫРЫНДА

5-бет

РУХАНИЯТ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ және АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

6-бет

ӘР ТАРАПТАН

АУРУДАН КЕЙІН ДЕ САҚТАНУ ҚАЖЕТ

8-бет




### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

# ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

**Қымбатты отандастар!**
**Құрметті Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелері!**

Биыл егемен ел болғанымызға 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз.

Қазақстан Тұңғыш Президентіміз – Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болды.

Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік.

Мемлекеттілігімізді нығайту үшін бір ел болып еңбек етіп жатырмыз.

Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес.Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы.

Барлық бастамамыз осыған бағытталуда.

Біз тұғыры мығым ел болу жолында кедергілерді еңсеріп, қиындықтарды жеңіп келеміз. Мұның бәріне берекелі бірлік пен еселі еңбек арқылы жеттік.

Еліміз Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұр. Бұл кезеңнің оңай болмайтыны қазірдің өзінде айқын байқалуда. Сондықтан, кез-келген сын-қатерге дайын болуға тиіспіз. Тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет.

Менің Қазақстан халқына биылғы Жолдауым мынадай мәселелерге арналады.

**I. ПАНДЕМИЯДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ**

Орталық Азиядағы экономикасы ең ауқымды ел саналатын Қазақстан қазір пандемияның зардабын тартуда. Дегенмен, қиындықтарға қарамастан, бағдарымызды берік ұстанып келеміз.

Біз орта мерзімді экономикалық саясатымызды айқындап, мемлекеттік бастамаларды реттеу үшін 2025 жылға дейінгі дамудың Ұлттық жоспарын және Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін қабылдадық. Ұлттық жобалар бекітілетін болады.

Стратегиялық мақсатымыз – Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлімізді күшейту және әлемдік экономикадағы орнымызды нығайту.

Экономикамызға тікелей инвестиция тарту ісін жалғастырудың жаңа тәсілі ретінде Стратегиялық инвестициялық келісім ұғымы енгізілді. Квазимемлекеттік секторды оңтайландыру үшін нақты шараларды қолға алдық. «Бәйтерек» және «ҚазАгро» холдингтерін біріктірдік. Еншілес компаниялар екі есе азайды, олардың штат санын бір жарым есе қысқарттық. Жаңа, қуатты даму институтын құрдық.

►2-бетте

## *Құрметті жезқазғандықтар!*

Баршаңызды Қазақстан халқы Тілдері күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – ұлттық құндылық саналатын ана тілінің, көпұлтты Қазақстанның бірлігі мен тыныштығының күретамыры деп бағаланатын мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілінің тарихи миссиясы дәріптелетін, мемлекеттік тілдің қолданыс аясының одан әрі ұлғаюына қызмет ету ісіне импульс беретін айрықша мереке.

5 қыркүйек – XX ғасырдың даңқты тұлғаларының бірі, күні бүгінге дейін рух-үні өз маңызын жоймай келе жатқан ғалым, қаламгер, ағартушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», – деп тіл құдіретін дәл бағалай білген Ахаң өткен ғасырдың өкпек желі көп өткелегінде қазақ тілінің жойылып кетпеуі үшін күрес жүргізген, қазақ балалары мен жастарын оқытуға күш салған және қазақ мектептері үшін аса қажетті оқулықтар шығаруға қажыр-қайратын, бар білімін жұмсаған. Ахмет Байтұрсынұлын тұңғыш қазақ әліпбиін жасаушы, тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында тыңға түрен салып, алғаш оқулықтар әзірлеген, «Қазақ» газетінің редакторы болған даңқты тұлға ретінде танимыз. Қазақстан халқы Тілдері күні мерекесінің алаштың Ахметі атанған даңқты тұлғаның туған күнімен сәйкестендіріліп белгіленуі – қуанышты әрі сәтті шешім.

Биыл еліміздің Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде тіл төңірегіндегі мәселелерді шешу жолында тынбай жұмыс атқарылды. «ҚР-ның Тілдер туралы заңының» қабылдануы, ҚР Конституциясы пәрменімен қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесінің берілуі, жалпыхалықтық маңызы ерекше Жолдаулар мен мемлекеттік бағдарламаларда мемлекеттік тіл қуатын арттыруға, оның қолданыс аясын кеңейтуге күш салынды. Осы уақыт аралығында қазақ тілі ел тыныштығы мен берекесінің ұйытқысы болу міндетін абыроймен орындап келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты».

Мемлекеттік тіл пәрмені мен қолданыс аясы төңірегінде түйткілді мәселелер бар. 30 жылда көп жұмыс жасалды, атқарар міндетіміз әлі де көп. Бұл орайда қоғам белсенділері мен тіл жанашырларының орынды пікірлерін, ойлы ұсыныстарын біз осы маңызды істің түйінін шешуге бағытталған іс-қимыл деп бағалаймыз.

Мемлекетіміздің тіл саясатын жүзеге асыру жолында қаламызда бірқатар жұмыстар жүргізіліп, оң нәтижелерін беруде. Атап айтсақ, қала бойынша идеологиялық және моральдық жағынан ескірген көшелердің атаулары өзгертіліп, ұлттық сипаттағы атаулар берілді. Көшелердегі, алаңдардағы, мекемелердегі сыртқы және ішкі жарнамалар «ҚР Тілдер туралы» заңының талаптарына сай болуы айрықша қадағалануда. Арнайы мобильді топ құрылып, рейд жүргізілуде. Мемлекеттік тілді үйренем деушілер үшін «Тілтану» оқу орталығында тегін курс ұйымдастырылған. Халыққа қызмет көрсететін жекеменшік нысан қызметкерлері үшін тіл үйренудің жеделдетілген курсы ашылып, тыңдаушылар қабылдай бастады. Қала бойынша өтетін мәдени-рухани шаралардағы мемлекеттік тіл қолданысының үлес салмағы артты. Алдағы уақыттарда тіл саясатын жүзеге асыруға қатысты жұмыстар жалғаса береді.

«Тіл – ұлттың жаны» дейді ғалымдар. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Демек, тіл үшін, оның келешегі үшін қам жеп, оның жаһандану үдерісі ағысында жұтылып кетпеуі үшін күрес – аса маңызды, аса қиын, аса нәзік, аса абыройлы іс екені анық. Оның табысты болатынына біз сенімдіміз.

**Құрметті жерлестер!**

Қазақстан халқының тілдері күні құтты болсын! Баршаңызға зор денсаулық, бақыт, бейбітшілік пен амандық тілейміз. Ортақ үйіміз – Қазақстан гүлденіп, жетістіктер биігінен көріне берсін!

**Ізгі тілекпен,**
**Жезқазған қаласының әкімі Қайрат ӘБСАТТАРОВ**
**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Әбдрахман ДОСАНОВ**

# АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛДЫ

***Қанша қыс пен жаз өтсе де кез келген жанды арайлы шуақ пен мейірімге толы құшағына тартып тұратын мектепке деген балалық махаббат, іңкәр көңіл суымасы сөзсіз. Биылғы 1 қыркүйекте аяулы білім ұяларына асыққан шәкірттердің қуанышында шек жоқ. Себебі биыл араға бір жыл үзіліс салып, күздің алғашқы күнінде барлық сынып оқушылары дәстүрлі форматта оқуларын жалғастырмақ.***



Ата-ана үшін де, мектеп һәм мемлекет үшін де бастысы – бала денінің саулығы. Ауру қаупі жоғары бүгінгідей кезеңде карантиндік талаптардың сақталуы аса маңызды. Соған орай жезқазғандық білім ошақтары мектеп алды даярлық топтары мен 1-сыныпқа қадам басқан балақандарды масқалық режимде, белгіленген уақыт шегінде сәйкес қарсы алып, биыл қайта оралған «Әліппені» табыстады.

Биыл Жезқазған қаласы бойынша 15199 оқушы мектепке барды. Оның ішінде 1813-і – 1 сынып оқушылары.

Білім күнін ерекше толқыныс, терең тебіреніспен қарсы алған №7 Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейінде биыл 1495 оқушы білім алмақ. Оның 95-і мектеп алды даярлық сыныбына келсе, 154 оқушы 1-сыныпқа қабылданды.

Шоқ гүлдерін құшақтарына алып қуаныш пен қорқыныш сезімін қатар сезініп, оқушылық өмірге енді қадам басқан оқушыларды сынып жетекшілері қарсы алып, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған алғашқы сынып сағатын өткізді.

– Егемен еліміздің жарқын болашағы қашанда – жастардың қолында. Оқушылық кезде, мектеп табалдырығында алған білімнің орнын ештеңемен толтыруға келмейді. Себебі халқына қалаулы, еліне елеулі азамат атану жолындағы қарышты қадамдардың негізі, берік іргетасы мектепте қаланады. Біздің мектеп-лицейде өсіп-өнген түлектеріміз қоғамның қай саласында болмасын білім, білігін дәлелдеп жүр. Сіздер де сол аға-әпкелеріңіздің жолын қуып, Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағына айналып, ел тұтқасына айналар азамат болатындарыңызға сенемін, – деген № 7 мектеп-лицейдің директоры Күлпаш Мұқашева шәкірттер мен ұстаздарға ақжарма лебізін білдіріп, жаңа оқу жылында сәттілік тіледі.

Салтанатты түрде 1-сынып оқушыларын қарсы алған № 3 ЖОББМ-де биыл 3 қазақ сыныбы және 3 орыс сыныбы ашылды. 11-сынып оқушыларымен алғашқы қоңырауды сыңғырлата қаққан оқушылар одан әрі сыныптарына барып, жаңа оқу жылына асқан дайындықпен кірісіп кетті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ

**(Жалғасы. Басы 1-бетте)**

Пандемия кезінде мемлекет азаматтарға және кәсіпкерлерге ауқымды әрі жедел қолдау көрсетті.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Оны жүзеге асыру барысында 3,5 мыңнан астам жоба іске қосылды. Сондай-ақ, 70 мың жұмыс орны ашылды. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің жалпы құны 3,5 триллион теңге болды.

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасының арқасында 66 мың жоба мемлекет тарапынан қолдау тапты. Бұл 150 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға және сақтап қалуға септігін тигізді.

Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастама экономикаға айтарлықтай әсер етті. Ең бастысы, оның әлеуметтік ықпалы айрықша болды. Осы шараның арқасында миллионнан астам азаматымыз тұрғын-үй жағдайын жақсартты. Кейбірі ипотекалық қарызын азайтты.

Жалпы экономикалық дамуымызда оң үрдіс бар екені сөзсіз. Алайда, бүгінгі ахуалдың әлі де күрделі екенін ашық айтуымыз керек. Сондықтан, мен «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының мерзімін 2022 жылға ұластыру туралы шешім қабылдадым. Бұл мақсатқа бөлінетін қаржының жалпы көлемі кемінде бір триллион теңге болады.

Қазақстан мемлекеттік қарызы аздығының және едәуір қоры болғанының арқасында індет салдарын біршама тиімді еңсеруде. Бұл – біздің елеулі бәсекелік артықшылығымыз. Одан айырылып қалмауымыз керек.

Алайда, соңғы кезде бюджеттің шығыс бөлігіндегі міндеттемелерді орындау үшін бюджет тапшылығы ұлғайып, Ұлттық қордан алынатын трансферттер көбеюде. Үнемі осылай «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүре алмаймыз. Біздегі қаржылық орнықтылықтың қоры соншалықты шексіз емес. Бюджеттің кірісін арттыру үшін шаралар қабылдау қажет екені сөзсіз. Бірінші кезекте, мемлекеттік шығыстардың ауқымын және оның тиімді жұмсалуын бақылауда ұстау керек.

Ұлттық қордың активтерін қалпына келтіру үшін бюджет ережесін енгізуді тездеткен жөн. Бұған қажетті заңнамалық өзгерістер осы жылдың соңына дейін қабылдануға тиіс.

Жалпы, елімізге мемлекет қаржысын, атап айтқанда, мемлекеттік қарызды, бюджет саясатын және Ұлттық қорды басқарудың ережелер жинағы қажет.

Үкімет пен Ұлттық банктен жыл соңына дейін Мемлекет қаржысын басқару тұжырымдамасын әзірлеуді сұраймын.

Сонымен бірге, экономиканы әртараптандыру, өндірілетін тауарлардың түрін көбейтіп, экспорт географиясын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру керек.

2020 жылдың қорытындысы бойынша, индустрияландыру жүзеге асырылып жатқан 10 жыл ішінде тұңғыш рет өңдеу өнеркәсібінің экономиканы дамытуға қосқан үлесі тау-кен өндірісі саласынан асып түсті.

Орта мерзімдегі мақсатымыз – 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібінің экспортын 1,5 есеге көбейтіп, 24 миллиард долларға жеткізу. Ал, еңбек өнімділігін 30 пайызға арттыру.

Әзірленіп жатқан «Өнеркәсіп саясаты туралы» заң өңдеу өнеркәсібінің алдында тұрған сауалдарға жауап беруге тиіс.

Соның бірі – шикізатқа қол жеткізудің қиындығы. Отандық өнеркәсіп үшін шикізат тауарларының бағасы қолжетімді, ал көлемі жеткілікті болуы керек деген қарапайым ережені енгізуіміз қажет.

Үкімет жыл соңына дейін осы маңызды міндетті шешудің оңтайлы жолын табуға тиіс.

Бұл ретте, еліміздің ресурстық әлеуеті толық ашылмағанын, геологиялық тұрғыдан зерделену деңгейі төмен екенін қаперден шығармаған жөн.

Сапалы геологиялық ақпараттың инвесторларға қолжетімділігін арттыру қажет. Осыған орай түрлі ведомстволарға бағынатын бытыраңқы мекемелердің негізінде тиімді Ұлттық геология қызметін құру керек.

Бұл орган жер қойнауын кімге және қалай беруді шешетін монополистке айналмауға тиіс. Оның міндеті – инвесторларға кешенді қызмет көрсетіп, қолдау білдіру.

Жер қойнауын пайдалану саласына, әсіресе геологиялық барлау және жер қойнауын кешенді зерттеу ісіне тың серпін қажет.

Ұлт жоспары аясында басталған реформаларды соңына дейін жеткізген жөн. Атап айтқанда, геологиялық ақпараттың ашық цифрлық мәліметтер базасын құрып, оны инвесторлар үшін қолжетімді ету керек.

Жер қойнауы – ұлттың байлығы. Оны пайдалануға беруді оңаша кабинеттерде «бармақ басты, көз қыстымен» шешу заңсыз деп танылуға тиіс. Тиісті органдар бұл мәселе бойынша бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

Келесі мәселе. Мемлекеттің экономикаға тым көбірек араласуы оның өсімін тежейді, сыбайлас жемқорлыққа және заңсыз лобби жасауға әкеп соқтырады.

Мемлекеттік кәсіпорындар әлі де болса көптеген салада басымдыққа ие, жеңілдіктерді жеке дара пайдаланады.

Біз бұл проблемаларды шеше бастадық.

Мәселен, Мемлекеттік басқару тұжырымдамасында квазимемлекеттік секторды қысқарту және оның тиімділігін арттыру, жұмысының ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қарастырылған.

Реформалар жөніндегі жоғары кеңес жекешелендірудің жаңа жоспарын мақұлдады. Енді оны қатаң бақылау қажет.

Бұдан басқа да мәселелер бар. Атап айтқанда, жекелеген ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар шығынға батып жатыр. Сөйте тұра неге олардың бірінші басшылары жауапкершілік арқаламайды?

Үкімет бұл мәселені шешуі керек.




Сонымен бірге, біз инфляцияның бақылаусыз өсу проблемасымен бетпе-бет келдік. Үкімет пен Ұлттық банк бәрін әлемдік үрдіске жауып, инфляцияның алдында қауқарсыздық танытып отыр.

Мұндай сылтау ұлттық экономиканың әлсіздігін көрсетеді. Онда «біздің кәсіби экономистеріміздің рөлі қандай?» деген сауал туындайды.

Үкімет пен Ұлттық банктің басты міндеті – инфляцияны 4-6 пайыз деңгейіне қайтару.

Жалпы сомасы 6,3 триллион теңге жұмсалған дағдарысқа қарсы шаралар жүзеге асырылғаннан кейін экономикамызда артық ақша пайда болды. Алайда, бүгінгі таңда бөлінген қаржы әлі бармай жатқан салалар бар. Екінші деңгейдегі банктер шағын жобаларға, әсіресе ауылға арнап ақша салмайды.

Сондықтан, микроқаржы ұйымдарының әлеуетін іске қосу керек. Олар жергілікті жерде жұмыс істейді. Өзінің тұтынушыларын, олардың бизнесі мен мүмкіндіктерін жақсы біледі.

Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл мәселе бойынша шешімдер топтамасын әзірлеуі қажет.

Стресті активтер деңгейін төмендету жұмысы да айрықша маңызға ие.

Біз мемлекет банкирлерге көмектеспеуге тиіс деген шешім қабылдадық.

Сонымен бірге, шектеу қойылып, бұғатталған активтерді экономикалық айналымға қайтару керек. Алайда, мұны тек қана нарықтық негізде жүзеге асырған жөн.

Бұған заңнамалық негіз болуы қажет.

Үкімет Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, жылдың соңына дейін тиісті заң жобасын Парламентке енгізсін.

Енді инфляцияның монетарлық емес тұстарына тоқталайық. Оның ең бастысы – азық-түлік бағасы.

Қазақстанның ауыл шаруашылығының әлеуеті орасан зор екені көп айтылады. Бірақ, агроөнеркәсіп кешені саласында қордаланған проблемалар да аз емес.

Ең алдымен, бұл – азық-түлік тауарларының бағасын белгілеудің және оны бөліп-таратудың тиімсіз жүргізілуі.

Мен бұған дейін көтерме-тарату орталықтарының желісін құрудың маңыздылығы туралы айтқан болатынмын. Бұл міндет орындалып жатыр.

Осы орталықтардың шағын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, соның ішінде, жеке қосалқы шаруашылықтарға да қолжетімді болуын қамтамасыз ету маңызды. Бұл нарықтың монополиялануына жол беруге болмайды.

Сонымен бірге, өнім өндірушіден тұтынушыға дейінгі аралықтағы бағаның бәріне бірыңғай бақылау жасау қажет. Қазір осы жұмысқа бірнеше мекеме жауапты. Әр жолы баға шарықтағанда олар байыппен сараптама жасап, тиімді шаралар қабылдаудың орнына бір-біріне сілтей бастайды.

Бұл жұмысты ретке келтіретін кез келді. Жауапкершіліктің ара-жігін ажырату керек. Бір мекемені басты орган ретінде айқындап, өзгелерінің өзара іс-қимылын нақты белгілеу қажет.

Үкімет осы мәселе бойынша бір айдың ішінде шешім қабылдауға тиіс.

Екіншіден, ауа-райының қолайсыздығы мал шаруашылығында түйткілді мәселелер бар екенін көрсетті.

Біз жедел шара қабылдап, жем-шөп тапшылығына байланысты ахуалды реттедік. Дегенмен, бұл салада әлі де жүйелі жұмыс атқару керек. Жем-шөп дайындауға қажетті жер көлемін кеңейткен жөн. Сондай-ақ, егіс алқабына әр жылы әртүрлі дақыл егу талабын сақтау үшін тиісті бақылауды күшейткен абзал.

Ғарыштық мониторинг және қашықтан зондтау мүмкіндігін кеңінен қолдану керек.

Жайылымдық жерді тиімді пайдалану да өте маңызды. Қазір мал жаятын жерге шаруалардың қолы жетпей жүр. Өйткені, мұндай алқаптарды кейбір белгілі адамдар иеленіп алған. Тіпті, оны адам аяғы баспайтындай етіп қоршап тастаған.

Әкімдер түрлі себептерді сылтауратып, ықпалды адамдардың ығына жығылып, бұл мәселені шеше алмай отыр.

Үкімет құзырлы органдармен бірлесіп, осы ахуалды өзгертетін батыл шаралар қабылдауға тиіс.

Жеке қосалқы шаруашылықтардың малын жайылымдық жермен қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аудару қажет.

Олардың құқықтық мәртебесі және көрсетілетін қолдау тәсілдері «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» бөлек заңда көрініс табуы керек.

Үкімет бұл заң жобасын өте қысқа мерзімде әзірлеуге тиіс.

Ветеринария саласын да жетілдіру қажет. Бұл салада орталық пен өңірлер арасындағы міндеттер мен құзыреттер нақты бөлінуі керек. Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл, түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес. Сондықтан, осы салада жүйелі жұмыс атқарылуға тиіс. Атап айтқанда, үдерістерді цифрландыру, мәлімет жинау және оны автоматтандыру, маман даярлау және олардың жалақысын көбейту шаралары.

Үкімет жыл соңына дейін ветеринария жүйесін реформалау жөнінде нақты шаралар қабылдауы керек.

Үшіншіден, біздің аграрлық саясатымызда сабақтастық болмай отыр. Министр ауысса, саланың саясаты да өзгереді.

Мұндай жағдайда шаруаларға алдағы жұмысты жоспарлау қиынға түседі.

Бірыңғай негізгі бағыт болуы қажет. Соған сәйкес субсидиялау тәсілдерін қайта қарап, тұрақтандыру керек.

Келесі мәселе.

Соңғы бес жылдың өзінде субсидиялауға екі триллион теңгеден астам қаржы бөлінді.

Өкінішке қарай, агроөнеркәсіп кешеніне қатысты қозғалған қылмыстық істердің жартысынан астамы субсидияны талан-таражға салуға байланысты болып отыр.

Бұған жол беруге болмайды.

Нормативтік негізін нығайтып, тиімді жоспарлау және мониторинг жүргізу жүйесін енгізу қажет.

Субсидияны рәсімдеу тәртібі түсінікті әрі толығымен ашық болуға тиіс.

Шағын және орта шаруашылықтар үшін субсидия толығымен қолжетімді болуы керек.

Ауыл шаруашылығын технологиялық тұрғыдан қайта жабдықтауды қолдау тәсілдерін мұқият қарауымыз қажет.

Агроөнеркәсіп кешені қолданатын технологияның шамамен 90 пайызы әбден ескірді. Оны жаңарту керек.

Ауыл шаруашылығын субсидиялау саясатын өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясатпен ұштастырған жөн.

Үкімет пен «Бәйтерек» холдингі осы мәселе бойынша ұсыныстар әзірлеуі қажет.

Жалпы, ауыл шаруашылығы саласының басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлік өнімімен толық қамтамасыз ету.

Мен биыл ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге және олардың қатысы бар компанияларға сатуға және жалға беруге біржола тыйым салған заңға қол қойдым.

Жер кодексіне қазақстандық инвесторларды ауыл-аймақтарды дамыту үшін қаржы салуға ынталандыратын түзетулер енгізілді.

Бұл өзгерістер ауыл шаруашылығы жерлерін толық экономикалық айналымға түсіруге мүмкіндік береді.

Шын мәнінде, осы шешімдердің барлығы агроөнеркәсіп секторына оң ықпал етеді.

Соның арқасында ауыл шаруашылығы ұлттық экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналады деп сенемін.

Келесі мәселе. Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру.

Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар трансферті, Индустрия 4.0 элементтерін енгізу айрықша маңызды. Біз шетелдегі стратегиялық серіктестерімізбен белсенді жұмыс істеуге тиіспіз.

Сонымен бірге, отандық IT-секторды дамытып, күшейте түсу де маңызды. Елімізге жас, білімді әрі ынталы мамандар керек. Цифрландыру жөніндегі ұлттық жобаның аясында кемінде 100 мың жоғары білікті IT-маман даярлау қажет.

Цифрлық саладағы қызметтер мен тауарлардың экспорты 2025 жылға қарай кемінде 500 миллион долларға жетуге тиіс.

Осы және басқа да міндеттер мемлекеттік секторды толығымен «цифрлық қайта жүктеуді» талап етеді. Мұндағы бұрыннан келе жатқан басты түйткіл – мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің өзара тиімді кіріктірілмеуі. Бұл мәселе түбегейлі әрі тезірек шешімін табуы керек.

Біріншіден, «Электронды үкіметтің» мүлде жаңа құрылымын жасау керек. Мемлекеттік сектордың барлық IT-бастамасы тек қана қазақстандық мемтехтың жаңа платформасына негізделеді.

Бұл платформа қайталауларды, тиімсіз шығыстарды және бюрократияны жояды. Мемлекеттік қызметтер азаматтарға смартфоннан 100 пайыз қолжетімді болады.

Екіншіден, біз мемлекеттік органдардың бизнес-үдерісін түгел қайта қарап, цифрлық форматқа көшіретін Цифрлық трансформация орталығын ашамыз.

Үшіншіден, ұлттық компаниялар IT-қауымдастықпен өзара қарым-қатынас жасайтын платформа құруымыз қажет. Квазимемлекеттік сектордың цифрлық қажеттілігі мен сұранысы барынша отандық компаниялардың күшімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Төртіншіден, мәлімет беру желісін халықаралық дәліздермен ұштастыра отырып, оны біртіндеп кеңейту және жаңарту қажет. Көрші елдерге де қызмет көрсете алатын мәлімет өңдеудің заманауи орталықтарын құру керек.

Біз еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыра білуге тиіспіз. Жаңа цифрлық дәуірде ол геосаяси маңызға ие болады.

Қазақстан Еуразия өңірінің басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуға тиіс.

Осы міндетті орындау үшін кадрлық әлеуетімізді күшейтуіміз керек. Премьер-Министр маған өз ұсыныстарын берсін.

Келесі мәселе. Ауғанстандағы ахуал және жаһандық шиеленістің күшеюі бізге қорғаныс өнеркәсібі кешенін және Әскери доктринамызды толығымен қайта қарауға міндеттейді.

Қорғаныс қабілетімізді нығайтып, қауіп-қатерлерге жедел үн қату мемлекеттік маңызы бар басымдыққа айналуға тиіс.

Біз сыртқы қатерге және оқиғаның қалай өрбуіне де дайын болуымыз керек. Сырттан төнетін қауіпті модельдеу айрықша өзектілікке ие болуда.

Стрес-тест өткізіп, сценарийлер дайындаған жөн. Соның негізінде мемлекеттік аппараттың іс-қимыл жоспары әзірленіп, түзетіліп отыратын болады.

## II. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған. Коронавирус денсаулық сақтау саласы үшін үлкен сынақ болды. Әлемді жайлаған індеттің беті әлі қайтар емес. Күн сайын мыңдаған азаматымыз дертке шалдығып, талай адам өмірден өтуде. Біз уақыт ұттырмай індетпен күресу шараларын дереу қолға алдық. Қазақстан – коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі.

Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екеніне еш күмән жоқ. Қазір QazVac-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдіруде. Елімізде вакцина қоры жеткілікті, азаматтарымыздың таңдау мүмкіндігі бар. Көптеген мемлекеттердің бұған қолы жетпей отыр. Елімізде жаппай екпе салу жүріп жатқанымен, қоғамда оған қарсы адамдар әлі де көп. Олар өздері бас тартып қана қоймай, халықты кері үгіттеуде. Соның кесірінен қаншама жұртты адастыруда. Мұндай адамдар өзінің ғана емес, өзгенің өмірі үшін де жауап беретінін түсінуге тиіс. Сондықтан, екпе алуға қарсы үгіттеп жүргендердің жетегінде кетпеген жөн. Адамзат көптеген індетті бастан өткерген. Вакцина пайда болғаннан кейін ғана қауіпті дерттерге тосқауыл қойылғанын ұмытпауымыз керек. Алдағы уақытта әлемде коронавирустың жаңа штамдары шығуы мүмкін. Сарапшылар басқа да індеттер пайда болатынын айтуда. Біз оның қашан болатынын күтіп, қарап отыра алмаймыз. Осындай жағдайда өмір сүріп, әрі қарай дамуға бейімделуіміз керек. Қазір «бустерлік вакцинаны» сатып алу өте маңызды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркелген вакциналарды тезірек сатып алу қажет.

Сонымен бірге, бүкіл денсаулық сақтау саласын тұрақты екпе алу жүйесіне дайындаған жөн.

Еліміздің биологиялық қауіпсіздігін болжаумен айналысатын Ұлттық жүйе құрылуға тиіс. Бұл шара тиісті заң жобасында қарастырылған. Парламенттен осы заң жобасын қазіргі сессияның соңына дейін қабылдауды сұраймын.

Медициналық сараптама жасайтын көптеген зертханамыз халықаралық стандартқа сай емес. «Дені сау ұлт» жобасы бойынша кемінде 12 зертхананы жоғары технологиялық құралдармен жабдықтау қажет.

Соның арқасында зертханаларымыз 90 пайызға дейін халықаралық талапқа сай жұмыс істейтін болады.

Коронавирусқа қатысы жоқ ауруларға байланысты ахуалды нашарлатып алмауымыз керек.

Пандемия кезінде жоспарлы скринингтер мен ота жасау кейінге қалып жатыр. Бұрыннан бар стандартты екпелер көптеген балаларға салынбай қалуда. Әрине, бұған жол беруге болмайды.

Медицина саласына қомақты қаржы құю керек. Бұл қаражат инфрақұрылымға, маман даярлауға және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалуға тиіс. Фармацевтика өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлу қажет.

Вируспен күрес кезінде дәл осы сала еліміздің бәсекеге қабілеті мен қауіпсіздігі үшін маңызды екеніне көзіміз жетті.

Сондықтан, медицина өнімдерін Зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін орталық құруымыз керек.

Жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен ынтымақтастықты жандандырған жөн.

Инвесторларды тартып, озық технологияны және осы саладағы жаңа зерттеу жұмыстарын игеруді қолға алу керек.

Отандық тауар өндірушілермен жасалатын оффтейк келісім шарттарының көлемін арттырып, өнім түрін көбейту қажет.

Біздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың 17 пайызы ғана – отандық өнім. 2025 жылы оны 50 пайызға жеткізу қажет.

Денсаулық кепілі – дене шынықтыру. Жұрттың және балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалуы қажет екенін тағы да қайталап айтамын. Облыс әкімдері спорт инфрақұрылымын біртіндеп салуды қамтамасыз етуге тиіс.

# ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – БЕРІК НЕГІЗІ

Жалпы, Токио олимпиадасының қорытындысына байланысты спорттағы ахуалды бөлек кеңесте қарау қажеттігі туындап отыр.

## III. САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Биылғы қаңтар айынан бастап педагогика саласы қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға көбейді.

Алдағы үш жылда осы мақсатқа тағы 1,2 триллион теңге жұмсаймыз.

Қабылданған шаралар жемісін беріп жатыр. Педагогикалық мамандықты қалап, оқуға түскендердің орташа балы күрт өсті.

Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз.

Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа.

Пандемия кезінде қашықтан оқытудың нәтижесі ұлттық телекоммуникация желілерінің тиімділігі төмен екенін көрсетті.

Мұндай ахуал негізгі, қарапайым білімнің өзін меңгере алмаған оқушылардың саны артуына әкеп соқты. Тағы бір проблема, нағыз қиындық осы деуге болады, балалар оқуын тастап кетіп жатыр. Өйткені білім алуды қажет деп санамайтын болды.

Үкіметке бұл мәселемен, атап айтқанда қашықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсартумен мықтап айналысуды тапсырамын.

Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс.

Сонымен бірге, жағымды жаңалығымыз да бар. Биыл бірнеше оқушы халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды.

Ондай дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету қажет. Біз оларға жоғары оқу орнына түсу үшін конкурстан тыс гранттар береміз. Бір реттік ақшалай сыйақы да төлейміз.

Балалардың ұстаздарын да моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандырған жөн. Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету айрықша маңызды.

Материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтырған жөн.

Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет.

Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс.

Бұл ретте, ұстаздардың курстан өту үшін өз қалтасынан ақша төлеуіне жол берілмейді.

Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. 225 мың оқушыға орын жетіспейді.

Шұғыл шара қабылдамасақ, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді.

Мен 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатынмын. Бүгін оның санын бір мыңға жеткізуді міндеттеймін.

Мектептерді бюджет қаржысына салумен қатар, осы өзекті мәселені шешуге жеке секторды да тартқан жөн.

Толық білім беретін ауыл мектептерін оқушы санына қарай қаржыландыруға біртіндеп көше бастауымыз керек.

Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдай білуге тиіс.

Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, осы маңызды міндетті шешумен айналысуы керек.

Біз «Тегін техникалық және кәсіби білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз.

Бүгінгі таңда NEET санатындағы 237 мың жас оқу да оқымайды, жұмыс та істемейді.

Жыл сайын мектеп бітірген 50 мың түлек оқуға ақылы негізде түседі. Олардың 85 пайызы – тұрмысы төмен отбасының балалары.

Бұл жағдайды түзету қажет. Сұранысқа ие барлық мамандық бойынша техникалық және кәсіби білім жүз пайыз тегін берілуі керек. Мамандық алудың тағы бір мүмкіндігі армияда берілуге тиіс.

Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздардың экономикадағы нақты сектор үшін қажетті жұмысшы мамандығын игеру мәселесін пысықтаған жөн.

Құзырлы министрлік жоғары білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті.

Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Бұл саладағы түйткілдердің шешімін табу үшін жылдың соңына дейін заңнамаға өзгерістер енгізу қажет.

Ең алдымен, жетекші ғалымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесін шешу керек.

Мұны ғылымға бөлінетін базалық қаражат есебінен қамтамасыз еткен жөн.

Мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында іргелі ғылыммен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарын тікелей қаржыландыру тәртібін енгізуді тапсырдым.

Құзырлы министрлік осындай ғылыми мекемелерді іріктеудің және қаржыландырудың айқын әрі ашық ережесін әзірлеуі керек.

Келесі мәселе. Грант мерзімінің үш жылмен шектелуі іргелі ғылымды дамытуға едәуір кедергі келтіріп отыр.

Осындай қысқа жоспарлау мерзімінде қандай да бір нәтижеге қол жеткізудің өзі қиын екені анық.

Ғылым саласын гранттық қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұзарту мәселесін қарастырған жөн. Ұлттық ғылыми кеңестер шешімдерінің әділдігі туралы мәселе де күн тәртібінен түспей тұр.

Осыған орай, апелляция институтын енгізу қажет деп санаймын.

Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр.

Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз.

## IV. ӨҢІРЛІК САЯСАТТЫ ЖЕТІЛДІРУ

«Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс. Бұл бірінші кезекте жергілікті билікке қарата айтылып отыр.

Тұрғындармен тікелей қарым-қатынас жасап, олардың проблемаларын шұғыл шешумен дәл осы әкімдіктер айналысады. Бірақ, әрдайым осылай болып жатқан жоқ. Жоғары басшылықтың өңірлерде қабылданған шешімдерді түзетуіне, тіпті, кейде солардың орнына шешім қабылдауына тура келеді.

Түрлі деңгейдегі әкімдердің батыл әрі дербес қадам жасауға қабілеті жетпей жатады. Олар орталыққа жалтақтап жұмыс істейді.

Бұл, негізінен, әкімдердің халық алдындағы қазіргі жауаптылық деңгейі жеткіліксіздігіне байланысты екенін мойындаған жөн. Олардың қызметіне баға бергенде өңір тұрғындарының пікірі ескеріле бермейді.

Сондықтан, барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысын бағалау тәсілін оңтайландыру керек.

Осыған орай тәуелсіз әлеуметтік сауалнама жүргізудің маңызы зор. Бұл тәсіл арқылы билік органдары жұмысының сапасына тұрғындардың көзқарасы туралы шынайы мәлімет алуға болады. Формальды есептерден гөрі сауалнамадан халықтың көңіл-күйі анық аңғарылады.

Президент Әкімшілігі осы мәселеге байланысты ұсыныстар топтамасын әзірлеуі керек.

Өңірлік саясатта әлеуметтік-экономикалық дамудағы теңсіздікті азайтуға айрықша мән беру керек. Әр аймаққа тән міндеттерді жалпыұлттық басымдықтармен дұрыс ұштастыра білу қажет.

Ұлттық даму жоспары аясында азаматтардың тұрмыс сапасын арттыру үшін нақты 25 міндет айқындалды.

Жұмысымыздың басым бағыттары – осы. Сондықтан, Үкімет пен әкімдер Өңірлерді дамыту жоспарларын бекітілген жалпыұлттық міндеттерге сәйкес жаңартуы қажет.

Әрине, теңсіздікті азайтудың басты тәсілінің бірі – бюджет қаржысын басымдыққа сай жұмсау. Республикалық бюджеттен қаржы бөлу әкімдердің пысықтығына, қандай да бір жеке көзқарасқа және басқа да субъективті факторларға байланысты болмауы керек.

Бюджет үдерісін «қайта жүктеу» үшін жан басына қарай қаржыландыру тетігін неғұрлым кеңірек қолданып, бюджет лимиттерін бөлудің объективті әдістемесін енгізу қажет.

Бюджет үдерістерін жеңілдетіп, бюрократияны барынша азайтқан жөн. Сондай-ақ, бюджетті жоспарлау мен орындау кезінде цифрлық тәсілдерді қолдануды кеңейту керек.

Сонымен бірге бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігін арттыра отырып, бөлшектенген бюджетті енгізу керек.

Үкімет бюджет заңнамасы мен заңға тәуелді актілерге енгізілетін тиісті өзгерістер топтамасын әзірлегені абзал.

Жобалардың сметалық құнын үнемі артық көрсету – аса өткір проблема. Бұл балабақша және мектеп сияқты шағын жобаларға да, ірі инфрақұрылымдық жобаларға да қатысты.

Қолданыстағы нормативтік база мен тәжірибені өте қысқа мерзім ішінде түбегейлі қайта қарау керек.

1 желтоқсанға дейін Үкімет пен Есеп комитетіне ұсыныстар енгізуді тапсырамын.

Келесі мәселе – өңірлердің қаржылық дербестігін арттыру.

2020 жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін корпоративті табыс салығы жергілікті бюджетке берілді.

Содан бері экономикалық белсенділік төмендегеніне қарамастан, жергілікті бюджеттердің түсімі жоспардағыдан 25 пайызға артық түсе бастады.

Бұл әкімдердің жергілікті бизнесті дамытып, инвестициялар мен салықтық базаны көбейтуге қызығушылық артқанын білдіреді.

Осы бағыттағы жұмысты жалғастыру керек. Үкіметтен жыл соңына дейін тиісті ұсыныстар топтамасын әзірлеуді сұраймын.

Қазақстан орнықты урбанизация үрдісімен келе жатыр.

Тұрғын саны миллионнан асатын қалалар еліміздің жаһандық бәсекелік қабілетінің тірегі, ал облыс орталықтары өз өңірлері өсімінің өзегі болуға тиіс.

Сондықтан, агломерацияны дамыту туралы заң мен қалалардың кешенді құрылысының жаңа стандартын әзірлеу керек.

«Адамдар – инфрақұрылымға» қағидатының сақталуы айрықша маңызды. Болашағы бар ауылдарды дамытуға баса назар аудару керек. Басты мақсат – олардың Өңірлік стандарттар жүйесіне сай болуын қамтамасыз ету. Бұл ұстанымдар Аумақтық даму жоспарында бекітілуге тиіс.

Қазір өндірістік өнеркәсіптің 40 пайызы 27 моноқаланың еншісінде. Онда 1,4 миллион азаматымыз тұрады.

Моноқалалардағы тыныс-тіршілікті одан әрі жандандыруға қатысты жан-жақты ойластырылған шешімдер қажет. Бұл мәселені біз жуық арада бөлек кеңесте талқылайтын боламыз.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту – басым бағыттың бірі.

«Халық қатысатын бюджет» орталыққа бағынатын қалалар мен облыс орталықтарына табысты енгізілді. Азаматтардың нақты сұранысына сәйкес ондаған абаттандыру жобасы жүзеге асырылды. Бұл – жақсы тәжірибе.

Енді абаттандыру және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығының бюджетіндегі «халық қатысатын» үлесті 10 есе арттыру керек.

Еліміздің ішкі байланысын жақсарту үшін көлік инфрақұрылымына қатысты бұған дейін басталған барлық жобаны аяқтауымыз керек.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында орталықты өңірлермен жалғайтын біртұтас көлік желісі қалыптасуда. Стратегиялық маңызы зор инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды.

Әкімдер мен Үкімет әрбір өңір үшін дәл осындай Инфрақұрылымдық даму бағдарламасын қолға алуы керек.

Жергілік жерде инфрақұрылымды жаңғыртуға байланысты талайдан бері қордаланған мәселелер бар.

Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, мынадай ауқымды жобаларды жүзеге асыруға кірісуі қажет.

Алматыдағы 2-ші жылу электр орталығының аумағында булы газ қондырғысын салу, 3-ші жылу электр орталығын жаңғырту және 1-ші жылу электр орталығын кеңейту керек.

Оңтүстік өңірде 1000 мегаватт энергия өндіретін жаңа қуат көздерін іске қосу қажет.

Алматы қаласы мен Алматы облысындағы кабель желілері жаңғыртылуға тиіс.

Бұл жобаларға салынатын инвестицияның жалпы көлемі бір триллион теңгеден асады. Біз стратегиялық инвесторларымызбен бірлесіп, еліміздің түрлі өңірінде шамамен 2400 мегаваттық жаңғыртылатын қуат көзін іске қосамыз.

Еліміздегі экология мәселесі басты назарда болуға тиіс. Әсіресе, ауаның тазалығы айрықша маңызды. Сондықтан, мейлінше ластанған 10 қаланы орта мерзімді кезеңде газға немесе баламалы қуат көздеріне көшірген жөн.

Биыл батыс өңірлерін газбен қамтамасыз ету ісін жақсарту үшін жалпы сомасы 700 миллиард теңге болатын үш жоба бойынша жұмыс басталады.

Бұл – Қашағандағы газ өңдеу зауытының және «Мақат-Солтүстік Кавказ» магистралды газ құбырының құрылысы, сондай-ақ, «Бейнеу-Жаңаөзен» магистралды газ құбырын жаңғырту жұмысы.

Тағы бір маңызды мәселе бар.

Біріккен Ұлттар Ұйымы алдағы он жылдың ішінде жаһандық деңгейде су ресурсының тапшылығы болады деп болжам жасап отыр. 2030 жылға қарай су тапшылығының көлемі 40 пайызға жетуі мүмкін.

Сондықтан, біз жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы суды үнемдеуге көшуіміз керек. Су тапшылығын жоюдың басқа жолы жоқ. Бұл – аса маңызды міндет. Үкімет су пайдалануды реттеу және оны үнемдеу технологиясын енгізу жұмысын ынталандыру үшін нақты шешімдер әзірлеуге тиіс. Су нысандарының экожүйесін сақтап, оны үнемді пайдалану үшін аса маңызды 120 каналды қайта жаңғыртуға кірісеміз. Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарында жаңадан 9 су қоймасы салынады. Бұл – ауқымды жоба. Бірақ, біздің қолымызда қажетті ресурстың бәрі бар. Атырау және Маңғыстау облыстарының аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін «Астрахан-Маңғыстау» магистралды су құбыры жаңғыртылады және Кендірлі кентінде су тұщытатын жаңа зауыт салынады.

Жалпы, ондаған жылдар бойы қомақты қаржы бөлінгеніне қарамастан, ауыз су мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ.

Сондықтан, Өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында бес жыл ішінде халықтың 100 пайызын таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырамын.

Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндет.

Мен тағы бір маңызды мәселеге арнайы тоқталғым келеді. Дүние жүзі өнеркәсіп пен экономиканы экологиялық тазартуға бет бұрды.

Қазір бұл – әншейін сөз емес, салық, баж және техникалық реттеу шаралары сияқты нақты шешімдер. Біз одан тыс қала алмаймыз. Мұндай шешімдер экспорт, инвестиция және технология трансферті арқылы елімізге тікелей әсер етеді.

Шын мәнінде, бұл – Қазақстанның орнықты дамуы мәселесі. Сондықтан мен 2060 жылға қарай көміртегінен арылу міндетін жүктеп отырмын.

Бұл бағытта өте байыппен жұмыс істеу керек. Кең-байтақ еліміздің тұрғындар саны да, экономикасы да өсіп келеді. Өсім сапалы болу үшін қуат көздері қажет.

Көмір дәуірі біртіндеп келмеске кетіп бара жатқан заманда жаңғыртылатын энергияға қоса, біз сенімді базалық қуат көздерін ойластыруға тиіспіз.

Қазақстанда 2030 жылға қарай электр қуатының тапшылығы пайда болады.

Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мұның ең оңтайлы шешімі – бейбіт атом. Бұл – күрделі мәселе. Сондықтан қауесетке сеніп, эмоцияға берілмей, оны барынша тиімді шешуіміз керек.

Үкімет пен «Самұрық-Қазына» бір жылдың ішінде Қазақстанда қауіпсіз әрі экологиялық таза атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін зерттеуге тиіс.

Бұл мәселеге инженерлік саланы дамыту және атом саласындағы білікті инженер мамандардың жаңа буынын қалыптастыру мүмкіндігі тұрғысынан да қарау қажет.

«Жасыл» сутегі өндірісі, жалпы сутегі энергетикасы – болашағы зор бағыттар.

Үкіметке осы мәселе бойынша да ұсыныс әзірлеуді тапсырамын.

## V. ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ТИІМДІ ЭКОЖҮЙЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Пандемия еңбек нарығын едәуір өзгертті. Бұл – ең алдымен, қашықтан жұмыс істеу тәсілінің қарқынды дамуы.

Көптеген жаңа кәсіптер пайда болған, үдерістердің көпшілігі автоматтандырылып, цифрландырылып жатқан қазіргі кезде бұл үрдіс тың серпінге ие болуда.

Осындай жағдайда мамандықты жиі өзгерте білу және жаңа кәсіптерді игере алу арқылы ғана әркімнің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ете аламыз.

Сондықтан, бізге «Кәсіби біліктіліктер туралы» заң қажет. Бұл құжат біліктілікті тану мәселесін реттеп, жұмысшылардың өзінің қарым-қабілетін жетілдіруге ынталандыруы керек.

Жаппай цифрландыру үдерісі интернет-платформалар негізінде жұмыспен қамтудың жаңа үлгісін алып келді. Такси жүргізушілері, курьерлер және басқалар – осының жарқын мысалы.

Бұл сала әлеуметтік және медициналық сақтандыру, зейнетақымен қамту және салық салу тұрғысынан мемлекеттің қолғабыс етуіне мұқтаж болып отыр.

Біздің еңбек нарығымызға көші-қон үдерісі де зор ықпал етеді.

Қазақстан – еңбек мигранттарын қабылдау жағынан ТМД елдері ішінде екінші орында. Бұл саладағы проблемаларды дұрыс шешуіміз керек.

Үкімет Көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасын әзірлеуге тиіс. Онда шетелдерде жұмыс істеп жүрген өз азаматтарымыздың құқықтарын қорғау тәсілдері де көрініс тапқаны жөн.

Ел ішіндегі еңбек күшінің ұтқырлығы мәселесіне қатысты да жаңа ұстанымдар қажет.

Үкімет оңтүстіктен солтүстікке көшіп жатқан азаматтарға жәрдемақы бөлудің қолданыстағы тәсілдерін қайта қарауы керек.

Атап айтқанда, оны әкімдіктер арқылы ғана емес, оңтүстік өңірлерден адамдарды өз бетімен жалдайтын жұмыс берушілердің шығынын өтеу арқылы да беруге болады.

Өз бетінше бизнеспен айналысқысы келетіндердің де көшуіне жағдай жасаған жөн. Көшіп келген азаматтарға үй салу ғана емес, ауыл шаруашылығымен айналысу үшін де жер телімдерін беру мүмкіндігін пысықтау керек. Сондай-ақ, оларға мемлекеттік қолдау шаралары қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет.

Тағы бір мәселеге арнайы тоқталғым келеді. Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан, қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек көрсету – басты міндеттердің бірі. Алайда, қоғамда патерналистік көңіл-күй және әлеуметтік масылдық үрдісі белең алуда. Ел ішінде әлеуметтік бағдарламаларды әдейі жеке мүддесіне пайдаланатын азаматтар аз емес. Мұндай адамдар кез-келген өркениетті елдегі сияқты заңның және бүкіл қоғамның алдында жауап беруі керек. Осындай жағдайлар «мемлекеттен ала берсем» деген көзқарас қалыптастырды. Ал, көмекке шынымен мұқтаж жандар, өкінішке қарай, әлеуметтік қолдау шараларынан тыс қалып жатыр. Әрине, біздің еліміздің мүмкіндіктері зор, бірақ оның да шегі бар. Ең бастысы, әлеуметтік жеңілдікке ие болсам деген орынсыз пиғыл адамды өз еңбегімен табыс табу қабілетінен айырады.

Мұндай жағымсыз өмір салты ұрпақ тәрбиесіне қазірдің өзінде кері әсер ете бастады.

Сондықтан, бізге түбегейлі өзгеріс керек. Заң да, қоғам да, адамдардың сана-сезімі де өзгеруге тиіс.

Дайындалып жатқан Әлеуметтік кодексте осындай мәселелерге барынша назар аудару керек.

## VI. САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Саяси жаңғыруды біртіндеп жүзеге асыру – мемлекетіміздің стратегиялық бағдарының басым міндетінің бірі.

Соңғы екі жылда біз бұл салада бірқатар елеулі өзгеріс жасай алдық. Митинг өткізу үшін алдын-ала ескерту қағидаты жазылған жаңа заң қабылданды, партиялардың Мәжіліске өту шегі 5 пайызға дейін төмендеді, сайлау бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылды.

Осы және басқа да қадамдар қоғамда белсенді қолдау тапты.

Бұл бастамалар орнықты демократиялық даму бағдарымызды нығайтып, саяси жүйемізді сапалық тұрғыдан өзгертеді.

Сонымен бірге, азаматтарымызды мемлекет басқару ісіне барынша тартуға оң ықпал етеді.

Бірақ мұнымен шектелуге болмайды.

Біздің мақсатымыз – мемлекеттің тиімділігін, саяси үдерістің ашықтығы мен бәсекелестігін одан әрі арттыру.

Сондықтан саяси реформалар жалғасады. Мемлекеттілігімізді нығайта түсу үшін барлық өзгерісті еліміздің өзіне тән ерекшелігін ескере отырып, біртіндеп жүзеге асырамыз.

Бұл – мықты, әділ әрі озық мемлекет құрудың бірден-бір дұрыс жолы. Азаматтарымыз бұл ұстанымды қолдап отыр.

Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын енгізу аса маңызды қадам болды.

Бұл – менің былтырғы Жолдауымда айтылған саяси реформаның негізгі мәселесі. Осы шешім ауыл халқының, яғни қазақстандықтардың 40 пайыздан астамының мүддесіне тікелей ықпал етеді.

Біз дұрыс жолдамыз. 2024 жылы азаматтар пилоттық режімде аудан әкімдерін сайлау мүмкіндігіне ие болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі жаңғыртудың маңызды факторы – азаматтық мәдениетті дамыту.

Президент Әкімшілігі облыс әкімдіктерімен бірлесіп, ауылдық жерлердегі азаматтық бастамаларды қолдаудың тиімді тәсілдерін әзірлеуі керек.

Гранттық қаржыландыру жүйесін ауылдағы үкіметтік емес ұйымдардың сұранысына қарай бейімдеп, оны алудың жеңілдетілген режимін енгізу қажет.

Бұл ауылдық жердегі әлеуметтік белсенділікке тың серпін береді.

Сайлау тізіміндегі әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота туралы норманың енгізілуі партияларды барынша белсенді жұмыс істеуге, жаңа адамдар іздеп, өз қатарын жасартуға жетеледі.

Дегенмен, халық қалаулыларының түпкілікті құрамы жасақталғанда бұл квота сақталған жоқ.

Сондықтан, оның толыққанды әсері болуы үшін депутат мандатын бөлу кезінде осы квотаны міндетті түрде ескеру туралы норманы заң жүзінде бекіту керек.

Біз инклюзивті қоғам құрып жатырмыз. Ерекше қажеттілігі бар тұлғалар әзірге еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде көп емес.

Квота бөлінетін азаматтар санатының тізімін кеңейтуді ұсынамын. Онда жастар мен әйелдерден бөлек, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға да квота белгілеу керек.

Мен адам құқығын қорғау саласын әрдайым жеке дара бөліп қарайтынымды білесіздер. Біз соңғы екі жылда бұл бағытта едәуір ілгері бастық.

Биыл қаңтар айында мен Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Екінші Факультативтік Хаттаманы ратификациялау туралы заңға қол қойдым.

Енді Қылмыстық кодекстің нормаларын Екінші Факультативтік Хаттаманың ережелерімен үйлестіруіміз керек.

Тиісті заң жылдың соңына дейін қабылданады деп сенемін.

Осы жаздың басында менің Жарлығыма сәйкес Үкімет Адам құқығын қорғау жөніндегі кешенді жоспарды бекітті. Осы маңызды құжат Қазақстанда адам құқығын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін ұзақ мерзімді институттық негіз қалыптастырады.

Атап айтқанда, кешенді жоспар қабылданғаннан кейін гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін белсенді жұмыс басталды. Осыған орай әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымын барынша қолдауды қамтамасыз еткен жөн. Бұл жұмысқа Президент Әкімшілігі жауапты.

Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына да өзгерістер енгізген жөн.

Құқық қорғау жүйесінде елеулі өзгерістер басталды.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істей бастады. Бұл институт мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастырады.

Сот қызметінің заманауи үлгісі енгізіліп, артық сот үдерістері қысқартылуда.

Заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілді.

►*4-бетте*

# ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

***(Соңы. Басы 1, 2, 3-беттерде)***

Үш буынды модель енгізілгеннен кейін қылмыстық процеске қатысушыларды қорғау күшейді. Осы жылдың басынан бері екі мыңнан астам азаматты қылмыстық жауапқа негізсіз тартуға жол берілген жоқ.

Прокурорлық қадағалаудың жеделдігі артты. Негізсіз шешімдердің 98 пайызы үш тәуліктің ішінде күшін жойды. Прокурорлардың айыптау актілерін дайындау жөніндегі құзыретін біртіндеп кеңейте беру қажет. Бұл қадам олардың жауапкершілігін арттырып, тергеу нәтижелеріне құқықтық баға беру тетіктерін нығайтады.

Ішкі істер органдары осы салаға тән емес бірқатар функциядан арылды. Учаскелік инспекторлардың мәртебесі артты. Олар құқықбұзушылықтардың алдын-алу саласында қосымша өкілеттікке ие болды.

Бірнеше өңірде полицияның сервистік моделі пилоттық режимде жұмыс істей бастады. Келесі кезең – оның ауқымын кеңейту. Бұл жұмыстың табысты болуы көбіне жергілікті билік органдарының осы үдеріске қатысуына байланысты болады. Олар жаңа өзгерістердің мән-маңызын түсініп, полицияға қолғабыс етуге тиіс.

Сонымен қатар, қылмыспен күресудің практикалық мәселелерін назардан тыс қалдырмау керек.

Алаяқтықтың көбеюіне байланысты азаматтардың наразылық білдіруі орынды. Бас прокуратура алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы кешенді шаралар әзірлейтін болады.

Балаларға, соның ішінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қарсы жыныстық қылмыстардың алдын-алу және оның жолын кесу ерекше бақылауда болуға тиіс.

Өскелең ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатер – есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің де таралуы. Құқық қорғау органдарына бұл қатердің азаматтар арасында, әсіресе жастардың ішінде таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырамын.

Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресті жалғастыру қажет. Құзырлы агенттік жыл соңына дейін орта мерзімді кезеңдегі іс-қимылымыздың бағдарламасын айқындайтын стратегиялық құжатты бекітуге ұсынуы керек.

Бұл ретте, «тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты» жоюға айрықша назар аударған жөн.

Азаматтардың құқығын қорғағанда құқық қорғаушылардың, соның ішінде адвокаттардың құқығы туралы ұмытпаған жөн.

Олардың қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жұмысына кедергі келтіретін заңсыз әрекеттердің жолын кесу қажет.

Жоғарыда аталған шаралардың бәрі саяси жүйені және адам құқығын қорғау ісін жетілдіруге бағытталған стратегиялық бағдарымыздың құрамдас бөлігі саналады.

### VII. ҰЛТТЫҢ ҰЙЫСУЫ – ОДАН ӘРІ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

Қазір Қазақстан мүлде жаңа дәуірге қадам басты. Соған сәйкес қоғамдық өмірдің барлық саласы түбегейлі өзгеруде.

Жаһанды тұрақсыздық жайлап, көптеген жаңа сын-қатер пайда болып жатқан кезде біз бағдарымызды бекемдеп, болашаққа көзқарасымызды айқындай түсуіміз қажет.

«Бірлігіміз – әралуандықта» деген басты қағидамыз ешқашан өзгермейді.

Сондықтан, этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағытының бірі болған, әрдайым солай болып қала береді.

Бұл – бекерге айтылған сөз емес. Мұндай ұстанымды қазақстандықтардың басым көпшілігі қолдайды.

Біздің азаматтарымыз үшін келісім мен толеранттылық – мәдениеттер мен тілдерді өзара тоғыстыратын өмірдің шынайы көрінісі, нақты болмысы.

Біз – Конституцияда айтылғандай, біртұтас халықпыз. Біздің нағыз күшіміз – осында. Біз пікір алуандығын қолдай отырып, радикализмнің кез-келген көрінісінің жолын кесеміз, мемлекеттік егемендігімізге, аумақтық тұтастығымызға қол сұғуға жол бермейміз.

Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Этносаралық және конфессияаралық қатынастың қаншалықты маңызды екенін барлық азаматымыз түсінуі қажет. Біз қашанда алауыздыққа қарсы тұра білген елміз.

Адамды тіліне, ұлтына, нәсіліне қарап кемсітуге, біреудің намысына тиюге жол бермейміз, заң бойынша жауапқа тартамыз.

Конституцияға қайшы мұндай жауапсыз қадамдар еліміздің негізгі мүдделеріне зиян келтіреді.

Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар. Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда. Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл – заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі.

Сондықтан, қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ.

Атазаң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі.

Орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие. Біздің заңнамаға сәйкес, оның қолданылуын шектеуге болмайды.

Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады. Жастарымыз өзге тілдерді, соның ішінде орыс тілін жетік меңгерсе, бұдан еш ұтылмайды.

Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара – әлемдегі ең ұзын шекара.

Орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымындағы ресми алты тілдің бірі. Сондықтан, бұл мәселеге парасаттылықпен қарауымыз қажет.

Еліміз өркениетті диалог пен өзара сыйластық мәдениетін дәріптеуі керек.

Қазақстан халқы Ассамблеясының бұл саладағы рөлі айрықша.

Біз Отанымыз және барлық азаматымыз үшін жауапкершілікті сезінуіміз қажет.

Қоғамды ұйыстыру, ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде еліміздің тарихи мұрасын және мәдени әлеуетін тиімді пайдалануға баса мән беріледі. Бұл орайда Қазақстанның мүмкіндіктері зор, соның ішінде өзін халықаралық аренада тиімді таныта алады.

Дегенмен, бұл мәселеге қатысты саясатымызды қайта қарау қажет. Қазір мемлекет бюджет қаржысын оңды-солды иелене беретін белгілі бір қайраткерлердің ғана жобаларын қаржыландырып отыр. Бұл, әрине, түсініксіз жағдай.

Жас әрі дарынды мүсіншілер, суретшілер, театр қызметкерлері, музыканттар, қаламгерлер жаңа жанр түрлерін игеріп, ұдайы ізденіс үстінде жүреді. Сөйте тұра, олар елеусіз қалып, меценаттардың көмегімен ғана күн көреді. Шын мәнінде, Қазақстан мәдениеті сол жас дарындардың арқасында жаһандық деңгейде танылып жүрген жоқ па?!

Сондықтан Үкімет сарапшылармен бірлесіп, жыл соңына дейін жаңа мәдениетті және оның дарынды өкілдерін дәріптеуге бағытталған нақты шаралар жоспарын ұсынуға тиіс.

Креативті индустрияны қолдау қорын құру мүмкіндігін қарастырған жөн.

Халқымыз үшін зиялы қауымның орны қашанда ерекше.

Ұлт тағдыры сынға түскен сәтте көзі ашық азаматтар әрдайым көш бастаған.

Адасқанға жөн сілтеп, жастарға бағыт-бағдар берген. Ел ағалары бір ауыз сөзбен тентегін тыйып, тектісін төрге оздырған. Біз қанымызға сіңген осы қасиеттен айрылмауымыз керек.

Қазір – ғаламтор дәуірі. Ондағы бей-берекет ақпарат тасқыны ұрпақтың санасын улап жатыр.

Бір сәттік танымАлдықты көксейтін тамырсыз идеялар жаппай белең алуда.

Бұл – аса қатерлі үрдіс.

Дәл осы кезеңде ұлт зиялыларының ұстанымы және белсенділігі айрықша маңызды.

Зиялылардың еңбегі марапатымен емес, салиқалы сөзімен және нақты ісімен бағаланады.

Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіру.

Отаншылдық, білімге құштарлық пен еңбекқорлық, бірлік пен жауапкершілік сияқты қасиеттер дәріптелуі керек.

Сондықтан, зиялы қауымды ел болашағына әсер ететін әрбір мәселеден шет қалмауға шақырамын.

Диалог пен азаматтық қатысу дәстүрін дамыту, ынтымақтастығымыз бен бірлігімізге негіз болатын озық құндылықтарды дәріптеу біз үшін маңызды.

Біз бірге болсақ қана, теңдессіз елдік бірегейлігімізді нығайта аламыз.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев талай рет атап өткендей, этносаралық және конфессияаралық татулық – біздің баға жетпес байлығымыз.

Мемлекетіміздің болашағы үшін біз ішкі тұрақтылық пен жалпыұлттық бірлігімізді сақтап, нығайтуға міндеттіміз.

**Құрметті отандастар!**

Біздің жақын арадағы негізгі басымдықтарымыз – осындай.

Қазақстанның басты байлығы – Еліміздің азаматтары.

Сіздердің амандықтарыңыз – менің Президент қызметіндегі ең басты мақсатым әрі тілегім.

Сондықтан, менің келесі бастамаларым, ең алдымен, халқымыздың әл-ауқатын арттыруға арналады.

### БІРІНШІ БАСТАМА

Ең төменгі жалақы деңгейін қайта қарайтын кез келді деп санаймын. Бұл – бір жағынан аса маңызды макроиндикатор болса, екінші жағынан – әркімге түсінікті көрсеткіш.

Бізде ең төменгі жалақы мөлшері 2018 жылдан бері өскен жоқ.

Коронавирусқа байланысты әлемдік дағдарыс тұрғындардың табысына кері әсер етті. Оның үстіне Қазақстан ең төменгі жалақы деңгейі бойынша ТМД-ның бірқатар елдерінен артта қалып қойды.

Сондықтан, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны қазіргі 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым. Бұл шара бір миллионнан астам адамға тікелей, ал бүкіл еңбеккерлерге жанама әсер етеді.

Сонымен бірге, көлемі бүгінде жария етіліп жүрген жалақының 30, тіпті кейде 40 пайызына дейін жететін «көлеңкелі» еңбекақы қорын азайтады.

Ең төменгі жалақы мөлшерін көбейту ішкі тұтынуды өсіріп, экономикаға оң әсер етеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, бұл Ішкі жалпы өнімді 1,5 пайызға арттырады. Бұдан былай ең төменгі жалақыны салықтық, әлеуметтік және басқа да салаларда есептік көрсеткіш ретінде орынсыз пайдалануды қою керек.

Үкімет пен Парламенттен жыл соңына дейін қажетті өзгерістерді заңнамаға енгізіп, оның келесі жылы қаңтар айында күшіне енуін қамтамасыз етуді сұраймын.

### ЕКІНШІ БАСТАМА

Қазақстанда 6,5 миллионнан астам адам жалданып жұмыс істейді. Мұны өздеріңіз жақсы білесіздер. Олардың негізгі табыс көзі – жалақы.

Бұл ретте, еңбекақы төлеу қорының өсімі соңғы 10 жылда кәсіпорын иелері табысының өсімінен 60 пайызға жуық қалып қойды. Осыған байланысты Үкімет бизнесті өз жұмысшыларының жалақысын көбейтуге ынталандыратын «ұтымды» шаралар әзірлейді.

Қызметкерлерінің еңбекақысын көбейткен жұмыс берушілерге реттелмелі сатып алу жүйесі аясында жеңілдіктер беріледі. Сондай-ақ, оларға мемлекет тарапынан белсенді қолдау көрсетілетін болады.

### ҮШІНШІ БАСТАМА

Еңбекақы төлеу қорына түсетін салмақтың өзі барынша түсінікті әрі қарапайым болуы қажет.

Бұл, әсіресе, микро және шағын кәсіпкерлік саласында қатты сезіледі.

Мұндай бизнес үшін жиынтық салмақты 34 пайыздан 25 пайызға төмендете отырып, еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлем енгізуді ұсынамын.

Бұл шара бизнесті мыңдаған қызметкерін «көлеңкеден шығаруға» ынталандырады. Сонда олар зейнетақы жүйесінің, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесінің толық қатысушысына айналады.

Бұл мәселеде науқаншылдыққа жол беруге болмайды. Бизнестің жұмысында іркілістер мен шығындар болмауы үшін тиісті төлем жүйесін даярлау қажет. Жаңа жүйе 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастауға тиіс.

### ТӨРТІНШІ БАСТАМА

2020 жылдан бастап 600 мыңнан астам педагог пен дәрігердің, әлеуметтік сала қызметкерінің жалақысы өсті.

Бірақ, бюджеттен қаржыланатын өзге сала азаматтары бұдан тыс қалды.

Бұлар – мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілер және басқалар.

Сондықтан 2022 жылдан 2025 жылға дейін мемлекет осы санаттағы азаматтық қызметкерлердің жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіретін болады.

Тұтастай алғанда, тағы 600 мың отандасымыз бұл бастаманың игілігін көреді.

### БЕСІНШІ БАСТАМА

Тұрғын үй азаматтарымыз үшін – қашанда басты мәселе.

«Баспана хит» және «7-20-25» сияқты тұрғын үй бағдарламаларының мерзімі таяу арада аяқталады.

Сонымен қатар, нарықтық ипотека ставкасы әлі де жоғары және жұрттың бәріне бірдей қолжетімді емес.

Осыған орай, бірыңғай тұрғын үй бағдарламасы әзірленетін болады.

Ұлттық даму институтына айналатын «Отбасы банкі» оның әкімшісі болып белгіленеді.

Банк алдында «бір терезе қағидаты» бойынша есеп жүргізіп, азаматтарға тұрғын үй бөлу міндеті тұр.

Мен бұған дейін зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастаманың оң әсері туралы айттым.

Сондай-ақ, бұл қадам адамдардың жұмыс берушілерден еңбекақыны ашық төлеуді талап етуіне жол ашты.

Осы үрдісті қолдау үшін зейнетақы жинағының жеткілікті мөлшерінің шегінен асатын бөлігін тұрғын-үй сатып алу мақсатында «Отбасы банкіндегі» есепшотқа аударуға рұқсат беру қажет деп санаймын.

Сонымен қатар, бұл қадам жұрттың қаражат жинауды және оны сауатты жұмсауды дағдыға айналдыруына мүмкіндік береді.

**Құрметті депутаттар!**

Жетінші шақырылымдағы Парламент өзінің бірінші сессиясында 63 заң қабылдады. Қос палата бірлесіп, елімізде жүйелі өзгерістер мен реформалар жасауға қажетті заңнамалық негіз қалыптастырды.

Бүгін Парламенттің кезекті сессиясы басталмақ. Алдымызда көптеген маңызды міндет тұр. Әрбір заң жобасының қыр-сырына терең үңіліп, оны сапалы дайындау керек.

Сіздер халықтың мүддесін қорғау үшін әрдайым табандылық танытуға тиіссіздер. Әрбір шешім елдің сұранысын да, мемлекеттің мүмкіндігін де ескере отырып қабылдануы қажет. Осы жауапты жұмыста сіздерге сәттілік тілеймін!

**Қымбатты отандастар!**

Біздің бағытымыз – белгілі, мақсатымыз – айқын.

Ең бастысы, сол мақсатқа жету үшін не істеу қажеттігін жақсы білеміз. Нақты жоспар жасап, соны жүзеге асырып жатырмыз.

Біз қолға алған игі бастаманың бәрін соңына дейін жеткіземіз. Кез-келген кедергіні еңсеріп, қиындықты жеңуге дайынбыз.

Мен Мемлекет басшысы ретінде халық үшін барлық күш-жігерімді жұмсай беремін.

Мемлекеттік қызметкерлер және бүкіл қоғам біртұтас ел ретінде алдымызда тұрған міндеттерді орындау үшін жұмылуға тиіс. Әйтпесе, ертең кеш қалуымыз мүмкін. Себебі дүние жүзіндегі ахуал құбылмалы әрі түрлі сын-қатерлерге толы.

Меніңше Мемлекет басшысының бағдарына күмән келтіретіндер, жұмыс істеу қолынан келмейтіндер, ебін тауып орнында отыра беруді қалайтындар, Президенттің тапсырмаларын орындаудан жалтаратындар қызметтен кетуге тиіс.

Қазір біз ел дамуының шешуші кезеңіне қадам бастық.

Мемлекеттік аппарат біртұтас құрылым ретінде жұмыс істеуге міндетті. Солай болған жағдайда ғана біз көздеген мақсаттарымызға қол жеткіземіз. Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды. Шын мәнінде, ұйымдасқан ұтады.

«Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» деп халқымыз бекер айтпаған.

Біздің күш-қуатымыз – берекелі бірлікте!

Ендеше, бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік!

Қасиетті Отанымыз мәңгі жасай берсін!

## ПІКІР АЙТАМЫЗ

# ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЙДІ

Жаңалықтар мен бәсеке жарысының алаңына айналған бүгінгі уақыт және әлем жұртын әбігерге салып алаңдатқан індет салдары кез келген елдің алдына күрделі де күрмеуі қиын мәселелерді қойып отырғаны белгілі. Екі жылға созылған індет Қазақстанды да айналып өтпеді, әсіресе экономикалық-әлеуметтік саланың дамуына кері ықпалын тигізіп, оны жоюдың тиімді жолдарын қарастыруды күн тәртібіне шығарып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 1 қыркүйек күнгі Қазақстан халқына Жолдауын көпшіліктің асыға күткен себебі осы күрделі сын--сынақтан іркіліссіз шығудың қандай жолдарын ұсынады екен, Қазақстан алдағы уақыттың іс--қимылын қалай жоспарлап отыр деген сауалға жауап табамыз деген ой еді. Маған Жолдауда айтылған бүгінгі күннің шынайы көрінісі мен өзекті мәселелері және алдағы күндерде атқарылуы тиісті жауапты істер мен міндеттердің талданып, таратылып айтылып, ел өмірінің маңызды буындары бойынша орындалуы қажет тапсырмалардың тиісті ведомстваларға жүктеліп берілгені ұнады. Өйткені сын-қатерлері көп қазіргі уақытта Мемлекет басшысының нақты тапсырмасы мен оны орындауға тиісті сала министрліктерінің аса жоғары жауапкершілігі мен бақылауының болуы қажет. Мемлекет басшысының айтқанынан ұққанымыздай, қазіргі уақыт босаңдықты, бейжайлықты көтермейді.

Жолдауда ел басшысы зиялы қауымның белсенділігі мен қоғам дамуындағы рөлі туралы айта келіп, олардың ел қуатын арттыру жолындағы жауапты істерден шет қалмауға шақыруы көп жайттың сырын аңғартып тұрғандай көрінді. Шындығында, бүгінгі сын сағаттарда, індет алқымдап тұрған шақта, «бейберекет ақпарат» ағыны күшейіп тұрған уақытта елді өзіне қарата алар зиялы қауымның ақыл-қуаты мен кеңесі аса қажет, белсенділігі керек. Ондай шақта абдырап қалған халық ақылды зиялыларының аузына қарайды.

Мемлекет басшысы ұлтымыздың тарихи-мәдени жәдігерлерін зерттеп танытудың маңызын, отаншылдық сезім мен білімге құштарлықты тәрбиелеу, мемлекеттік тілге деген құрметті күшейту сияқты маңызды мәселелерді көтере отырып, осы жолда жастар мен жастар ұсынған жаңа форматтарға ерекше көңіл бөлу керектігін орынды айтты. Шындығында, біздің уақыт - жылдамдықтың, сергектіктің, жаңашылдықтың уақыты. Ал осы қасиеттердің бәрі жастарымыздың бойында бар.

Ел басшысының әлеуметтік салаға айрықша назар аударып, әлеуметтік көмекке шын зәру адамдардың мәселесін түбегейлі шешу мәселесіне маңыз беруін, қайсыбір сала қызметкерлерінің жалақысын көбейту туралы тапсырма беруін түйткіл түйінін тарқатуға деген жанашырлығы деп түсінеміз.

Президентіміз қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде этносаралық бірлік пен жалпы ел тұтастығын сақтаудағы, отаншылдықты нығайтудағы рөлін айта отырып, оның бастамашылдық қызметін нақтылап айтты. Ата заңмен бекітілген мемлекеттік тіл мәртебесін тағы бір рет ескертіп өтті. Бұл Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында айтылған: «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы», – деген ойының жалғасы деп түсінеміз.

Қысқасы, Президент Жолдауы жаңа міндеттер жүктейді, ол – билік пен халық бірлесе отырып, үлкен күшке айналып, бүгінгі күннің сын-қатерінен ұтылыссыз шығу жолына қызмет ету.

**Айжан МАЖИМОВА,**
**«Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының оқытушысы.**

# МАҚСАТЫМЫЗ АЙҚЫН

Жыл сайынғы дәстүрге айналған Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын бірнеше күннен бері тағатсыздана күткен қала тұрғындарының бірі – мен. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» деп аталатын биылғы Жолдауда Президентіміз Қасым--Жомарт Тоқаев егемендігіміздің жалаң ұран емес екенін, билік халықпен бірлесе отырып, ел дамуы үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара еңбек етіп жатқанын ашып айтты. 30 жылды еңсеріп, төртінші онжылдыққа қадам басқалы отырған еліміз алда кездескен кез келген қиын да күрделі жайттарға дайын болуы қажетін де ескертті. Неде болса, қандай кезеңде болмасын бауырымыз бүтін, іргеміз берік болуы үшін ынтымағымыз мен бірлігімізден айрылмауымыз аса қажет.

Мемлекет басшысының Жолдауын тыңдай отырып, оның пандемиядан кейінгі кезеңдердегі ел дамуының нақты жоспарын аса мұқияттылықпен әзірленгені, көптің көкейінде жүрген бірқатар мәселелерге тоқталғанына іштей риза болдым. Себебі бүгінгі таңда көптің көкейінде пандемиядан кейінгі ел экономикасы, халықтың әл-ауқаты сынды мәселелер алаң тудырып отырғаны айтпасақ та белгілі.

«Жалпы экономикалық дамуымызда оң үрдіс бар екені сөзсіз. Алайда, бүгінгі ахуалдың әлі де күрделі екенін ашық айтуымыз керек. Сондықтан, мен «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының мерзімін 2022 жылға ұластыру туралы шешім қабылдадым. Бұл мақсатқа бөлінетін қаржының жалпы көлемі кемінде бір триллион теңге болады. Қазақстан мемлекеттік қарызы аздығының және едәуір қоры болғанының арқасында індет салдарын біршама тиімді еңсеруде. Бұл – біздің елеулі бәсекелік артықшылығымыз. Одан айырылып қалмауымыз керек». Алайда, соңғы кезде бюджеттің шығыс бөлігіндегі міндеттемелерді орындау үшін бюджет тапшылығы ұлғайып, Ұлттық қордан алынатын трансферттер көбеюде. Үнемі осылай «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүре алмаймыз. Біздегі қаржылық орнықтылықтың қоры соншалықты шексіз емес» деген Қасым-Жомарт Кемелұлы инвесторлар тарту мәселесін де жолға қою қажетін айтты. Демек, елге қаржы салып, кәсіпті игерер инвесторлар келер болса, жұмыссыз жүрген халықтың біразы еңбекке тартылары белгілі.

Жолдаудағы назарымды айрықша аударған тұс – ауылшаруашылығын дамыту, соның ішінде аграрлық салаға кеңірек көңіл бөлу туралы ойы. Президенттің айтқандай, аталған салаға субсидия көп бөлінгенімен, ол дұрыс мақсатта игерілмеген. Мәселенің түп түркіні сыбайлас жемқорлыққа келіп тіреледі. Қоғам дерті саналатын жемқорлықтың тамырына балта шаппай ісіміз оңға баспайды.

Агроөнеркәсіп жайы да көңіл көншітпей тұр. Барлық техникалардың ескіріп, тозып тұрғанынан Президент те хабардар. Осыны дұрыстап, өз елімізді жүз пайыз азық-түлікпен қамтамасыз ету қажетін атап айтқан ол баға тұрақтылығын сақтауда аталған саланы дамыту аса маңызды екенін айтты. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы ұлттық экономиканың қозғаушы күшіне айналу керек деді.

Президент айтқандай, ауыл шаруашылығын субсидиялау саясатын өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясатпен ұштастырар болсақ, біраз күрмеулі мәселенің түйіні шешілер еді.

Қай бағытты алып қарасақта, байыппен, жеті рет өлшеп, бір рет кесе отырып жұмыс жүргізу қажеті айтылған бұл Жолдаудағы тапсырмалар дер кезінде орындалып, нәтижелі жұмыс үлгісін көрсете береді деп үміттенемін.

**Қадыр ҮҢГІТБАЕВ,**
**Ауылшаруашылық саласының ардагері**

# 5 ҚЫРКҮЙЕК – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ
# және ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ, АЛАШ АЛЫБЫ
# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАН КҮНІ

## АЛЫПТАР АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ТУРАЛЫ

*…Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды… халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті.*

***Сәкен СЕЙФУЛЛИН,***
***қоғам қайраткері, ақын, жазушы.***

***

*…А.Байтұрсынұлының өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады. А.Байтұрсынұлының арқасында санасыз түрде болмаса да шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, өз ағаттықтарын түсіне бастады…*

***Міржақып ДУЛАТҰЛЫ,***
***ағартушы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы.***

***

*Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.*

***Мұхтар ӘУЕЗОВ,***
***классик жазушы.***

***

*«Ломоносовтың бойында екі түрлі қабілет бар - ақындық пен ғалымдық, оның соңғысы алғашқысына қарағанда күштірек», – деген еді В.Г.Белинский. Осыған ұқсас жайды Ахмет бойынан да көреміз. Оның ақындығын ғалымдығы жеңіп кетті… Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашан да тарих биігінде тұрады.*

***Серік ҚИРАБАЕВ,***
***академик.***

***

*Ахмет Байтұрсынұлы – біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының әліпбиімен ашып, ана тілін Байтұрсыновтың «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді.*

***Рабиға СЫЗДЫҚОВА,***
***академик.***



***2018 жылдан бері 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні болып атап өтіліп келеді. Айта кету керек, бұған дейін 22 қыркүйек күні, кейінірек қыркүйек айының үшінші жексенбісі Тілдер мерекесі деп белгіленіп, кәсіби мерекелер тізіміне енгені белгілі.***

ҚР Премьер-Министрінің 2017 жылдың 31 қазаны күнгі «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» №689 қаулысымен «5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күні» болып бекітілді. Халқымыз үшін айрықша маңызы бар бұл мерекенің 5 қыркүйекке ауыстырылуының себебі бар.

5 қыркүйек – қоғам қайраткері, алаштың алыбы, педагог-ағартушы, лингвист, түркітанушы, әдебиет зерттеушісі, ғалым, аудармашы, араб қарпіне негізделген қазақ әліпбиін алғаш түзуші, ақын, публицист, ұлт үнжариясы болған «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні.

Айта кететін тағы бір жайт бар: соңғы кезге дейін Ахмет Байтұрсынұлының туған жылы мен туған күні туралы ақпарат дұрыс берілмей келді, анығырақ айтсақ, 1873 жылдың 29 қаңтарында (кейбір мақалаларда 28 қаңтарда деп жазылып жүр) туған деп айтылып, жазылып келді. Кейін алаштанушылар мен ахметтанушылар архив қорынан А.Байтұрсыновтың өмірдерегіне қатысты бірнеше құжат тауып алған болатын. Ол құжаттар қайраткер ағаның өз қолымен жазылған. Соның бірін (анкетасын) осы топтамада жариялап отырмыз. Табылған үш құжатта да алаштың Ахаңының туған күні 5 қыркүйек екені көрсетілген және бұл дерек оның өз қолымен жазылған. Сонымен алаш алыбы Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылдың 5 қыркүйегінде қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген.

«Жиырмасыншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті», – деп қазақ халқының атқарған тарихи миссиясын айрықша бағалаған, «Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек», – деп кешегі аумалы-төкпелі, алақұйын кезеңде ұлт тілінің бүгіні мен ертеңін ойлаған, «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді», – ел болашағы үшін уайым кешкен Ахмет Байтұрсынұлының туған күні мен Қазақстан халқы тілдері күнінің орайлас тойлануы – оң шешім, орны толған іс.

Біз төменде Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығында әзірленген материалдар топтамасын жариялап отырмыз.

Мереке құтты болсын, жерлестер!

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ:**
**ӨЗ ТІЛІМЕН СӨЙЛЕСКЕН, ӨЗ ТІЛІМЕН ЖАЗҒАН ЖҰРТТЫҢ ҰЛТТЫҒЫ ЕШ УАҚЫТТА АДАМЫ ҚҰРЫМАЙ ЖОҒАЛМАЙДЫ. ҰЛТТЫҢ САҚТАЛУЫНА ДА, ЖОҒАЛУЫНА ДА СЕБЕП БОЛАТЫН НӘРСЕНІҢ ЕҢ ҚУАТТЫСЫ – ТІЛІ. СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ. ӨЗ ҰЛТЫНА БАСҚА ЖҰРТТЫ ҚОСАМЫН ДЕГЕНДЕР ӘУЕЛІ СОЛ ЖҰРТТЫҢ ТІЛІН АЗДЫРУҒА ТЫРЫСАДЫ.**

**Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

### ЖҰРТЫМА

Бірлік қып іс етуге шорқақ жұртым,
Табылса оңай олжа, ортақ жұртым.
Сияқты қара қарға шуылдаған
Үрейсіз қоян жүрек қорқақ жұртым.
Білмейсің жөнің менен терісіңді,
Ел болып іс етпейсің келісімді.
Үміт қып бәйге атындай талай қосып,
Байқадық шабыс түгіл, желісіңді.
Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,
Шығасың қолыңа ала керісіңді.
Бытырап бет-бетіңе жөнелгенде,
Көрдік қой жайылатын өрісіңді.
Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсыңдар,
Қайтейін өзге десе көнгішіңді.
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,
Кім жұлмас оңайдағы жемісіңді?!

### ҚАЗАҚ САЛТЫ

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын қуса жылжи беру
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ.
Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік,
Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік.
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Алалық алты бақан дертпен кірдік.
Бейне бір құдіретті сынағандай,
«Сақтар деп, сақтар болса» – сертпен жүрдік.
Жат жақты Жаратқанға күзеттіріп,
Жақынмен ырылдастық, иттей үрдік.
Білдірдік елдің сырын, ердің құнын,
Елеріп ерегіске екі-үш күндік.
Киреді тент есі түстен кейін,
Мүшкілін халіміздің жаңа білдік.
Әлі де, саңылаусыз салтын бағып,
Түрі жоқ іс айтатын пәлен дерлік.
«Ұлы той көппен көрген жалғыз мен бе? -
Деп отыр, – не болса да жұртпен көрдік».

КҮН ТӘРТІБІ

# МАРАПАТ ТҰҒЫРЫНДА

***Ел халқының айбыны, Тәуелсіз мемлекетіміздің тірегіне айналған Ата Заңымыз – Конституцияның қабылданғанына биыл 26 жыл. Дархан даланы қайтпас қажыры һәм тегеурінді қаһарымен уысында ұстап, ел билеуде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханнның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысының» мәртебесі биік болғаны белгілі. Осынау дана да дарабоз билеушілер жасаған заңдардың жалғасындай болған бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанннның 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум негізінде қабылданған заңдар жинағы 9 бөлім, 98 баптан тұрады. Саяси, мәдени, рухани және әлеуметтік-экономикалық дамуымыздың қайнар көз, тыныштығымыздың сақшысы саналатын Конституциямыздың осынау мәртебесі биік, мағынасы терең аса маңызды төл мерекесі күні қарсаңында қала әкімі Қайрат ӘБСАТТАРОВ ел дамуына еңселі үлес қосып жүрген жерлестерімізді марапаттады.***

– Адам оның өмірі, құқықтары мен бостандығы ең жоғары құндылықтар етіп жарияланған Конституциямыз 26 жыл ішінде өз өміршеңдігін дәлелдеп, кез келген уақыт сынына дайындығын көрсетті. Егемендігіміздің іргетасы, табысты болашағымыздың кепілі болған Ата Заңымыз қазақстандықтардың өмірі мен қауіпсіздігіне алаңдамай, демократиялық қоғамда өмір сүруі үшін мол мүмкіндік тудырып келеді. Мен өз елінің Заңына бағынышты, еліміздің бас құжатын құрметтейтін азамат ретінде халықты әлеуметтік қорғау және олардың тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында жазылған конституциямыз қоғамның орнықты дамуына зор үлесін қоса отырып, азаматтық қоғамның қалыптасуына орасан зор пайдасын тигізеді. Конституциялық нормаларды іске асыру мен қадағалау еліміздің кедергісіз кемел келешекке қадам басуына жол ашады, –деген қала басшысы барша жезқазғандықтарды мерейлі мерекемен құттықтап, оларға ақжарма лебізін білдірді.



Жыл сайын жаздың соңғы мерекесінде өз ісінде алға озып, кәсіби жетістіктерімен көзге түскен азаматтардың еңбегі еленіп, түрлі деңгейдегі марапаттарды иеленеді. Биыл да карантин шектеулері ескеріле отырып, қалалық әкімдік ғимаратында өз ісінің майталмандары бас қосты. Алғашқы болып «Ана» деген аяулы атты арқалаған нәзікжандылар марапат тұғырына көтеріліп, қала әкімінің қолынан «Күміс алқа» төсбелгісін иеленді. Биыл Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес аталған төсбелгіні кеудесіне таққан жезқазғандық аналар қатары Гүлзира Кеншімбаева, Алия Панкина, Сандуғаш Жаналинова, Индира Байтұрсынова және Ольга Сергеевамен толықты.

Одан әрі Қарағанды облысының Құрмет грамотасы табысталды. Облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны және әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі мен мінсіз еңбегі «Жезқазғантүстіметалл» өндірістік бірлестігі Құрылыс монтаждау басқармасының монтаждаушысы Қайырғали Мұхамбедин мен «Жезқазғантүстіметалл» өндірістік бірлестігі Құрылыс монтаждау басқармасының учаске сылақшысы Ақмарал Досмағамбетоваға және Жезқазған құрылыс-монтаждау учаскесінінің электродәнекерлеушісі Сергей Егоровқа, сондай-ақ «КазНадзор» ЖШС техникалық қадағалаушысы Ержан Мырзабековке Құрмет грамотасы берілді.

Қарағанды облысының Алғыс хаты Жезқазған қаласының құрылыс бөлімінің инспекторы Ақзер Анасоваға бұйырды.

Жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбегі және шығармашылық үлестері үшін Жезқазған қаласының Құрмет грамотасымен – Жезқазған қалалық сотының судьясы Роза Есібаева, Жезқазған қаласы прокуратурасының прокуроры Гүлім Әбдікәрімова марапатталды. Осындай мәртебеге ие болғандар қатарында жақында Жетіқоңыр ауылында болған дала өртін ауыздықтауда ерлікке бергісіз әрекетімен көзге түскен ағайынды Мұхит, Көшербай, Бауыржан Ахметжанұлдары да бар.

Марапаттау рәсімін әрі қарай жалғастырған Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Әбдрахман Досанов Жезқазған қаласының Құрмет грамотасымен Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары Алмат Саухимов, «Самаз» ЖШС-ның директоры Заулимкия Байтасова, Жезқазған мыс қорыту зауыты балқыту цехының учаске мастері Ғалым Мұханбетжан, Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжінің фармакология пәнінің оқытушысы Тілеу Коканова, сонымен қатар «ULY DALA» ЖШС қоғамдық тамақтандыру, 5-разрядтағы аспазы Жұмакүл Алдамкұлова, «Жезқазғансирекмет» сапаны бақылау бөлімінің бастығы Ләззат Дүзбаева, Жезқазған байыту фабрикасы № 2 бас корпусының флотаторы Гүлмира Шубаева және «Бозай КЗ» ЖШС бөлім басшысы Айгүл Әбдікашеваға табыстады.

Сонымен қатар Жетіқоңыр, Мибұлақ ауылындағы «Қаражар» шаруа қожалығының иегері Елжан Күсеген мен Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының бас қазынашы-бас маманы Ернар Жолаев және «Асар» полиграфиясының шебер-түптеушісі мен басушы қызметкері Айгүл Жолданова мен Совет Дәулетова Жезқазған қаласы әкімінің Алғыс хатын иеленді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ТАҒАЙЫНДАУ



Конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес Жезқазған қаласы әкімінің 2021 жылғы 27 тамызындағы №22-Ж өкімімен Жезқазған қаласы әкімінің энергетика, құрылыс, сәулет, көлік, жол және коммуналдық шаруашылық, төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі орынбасары болып Берік Жолмұханұлы Туребеков тағайындалды.

Берік Жолмұханұлы Туребеков 1979 жылы Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Қаражар ауылында дүниеге келген.

Қостанай мемлекеттік университетін, Орталық Азия университетін, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының бакалавриатын, докторантурасын тәмәмдаған.

Еңбек жолын 2003 жылы Астана қаласында бастап, Астана қаласы «Сарыарқа» ауданы әкімі аппаратының абаттандыру бөлімінің жетекші маманы, бас маманы, инфрақұрылым және абаттандыру бөлімінің бас маманы, абаттандыру бөлімінің бастығы, Астана қаласы «Есіл» ауданы әкімінің бас инспекторы, аппарат басшысы, Нұр-Сұлтан қаласы «Сарыарқа» ауданы әкімінің инфрақұрылымды дамыту және тіршілікті қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған.

ТҰЛҒАҒА ТАҒЗЫМ

# ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ және АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

***Ахмет Байтұрсынұлын қазақ қауымының өткен ғасырдағы рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын жұрт қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған ағартушылық идеясы болды.***



*«Алаш» қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы.*

Оқу-ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық тұғырының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген – оның сол кезеңдегі туған халқының тағдыры еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы білім жағынан кешеуілдеп қалған ел болатын. Ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін амал-әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу екенін түсінген Ахмет Байтұрсынұлы осы жолға бар қажыр-қайратын жұмсай білді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына көп көңіл бөлген. Ол қазақ балаларының көкірек көзі ашылып, сауатты болуын ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды талап етті. 1913 жылы «Қазақ» газеті арқылы ол қазақ қоғамына оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. А.Байтұрсынұлы: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл – надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны халқының білім-ғылымынан қалып келе жатқандығы. Мұның себебі – қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ», – деп ащы шындықты жазады. Демек, Ахаң қазақ халқы қараңғы дегенде, «кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында» екендігін тап басып тани алды.



*«Халық жауы» деген нақақ жаламен ұсталып, Мәскеудегі Бутырка түрмесінде атылған Ахмет Байтұрсынұлының абақтыда жатқан кездегі фотосуреті*



*Жұбайы Бадрисафа (Александра) Байтұрсынова*



ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА 104

заседания тройки УНКВД Алма-Атинской области

от „25“ ноября 1937 года

| СЛУШАЛИ | ПОСТАНОВИЛИ |
| --- | --- |
| ДЕЛО 3 ОТДЕЛА УГБ НКВД № .... [...]РСУНОВ Ахмет, 1870 г.р. казах, урож. Тургайского р-на, Кустанайской обл. со средним образованием, б/п, служащий, женат, в 1930г. осужден за к-р деятельность к ВМН с заменой л/свободы на 10 лет. По инвалидности досрочно освобожден. | БАЙТУРСУНОВА Ахмета – РАССТРЕЛЯТЬ. |

ОБВИНЯЕТСЯ: являлся организатором и руководителем к-р партии и ее вооруженных отрядов. В 1917, 1918, 1919г.г. вел активную бор[ьбу] [п]ротив Соввласти. После революции создал к-р подпольную организацию для свержения Соввласти и был одним из ее руководителей. Имел [с]вязи с руководителями к-р организации в нац. республиках, вошел [в] к-р центр. Был связан с басмаческим движением в Средней Азии. [О]казывал активное сопротивление мероприятиям партии и соввласти, систематически занимался а/с агитацией. После возвращения из ссылки в гор. [Алма]-Ата в 1936-37г. установил связь с к-р тюркской народной партией, скрытой орг. НКВД в 1937г. и был в курсе ее к-р деятельности.

Секретарь тройки

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тіліндегі оқулықтарды жазуды 1910 жылдардан бастап қолға ала бастайды. Онымен қоса, қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көпғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтары да пайдаланып отырғандықтан араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына жақындатады, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарға таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы болуы үшін белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Осылайша, Ахмет Байтұрсынұлының ықпалы мен зор еңбегінің арқасында қазақ халқы оқу-ағарту ісіне жаппай мойын бұрады.

А.Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең түрде пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліпбидің» жаңа түрін жазды.

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін халқымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де жоғары бағаланған болатын. Сәбит Мұқанов А.Байтұрсыновтың азаматтың ұстанымы мен еңбегі жайлы былай деп жазады: «Оның Қазан төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тіліне арналған еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – А.Байтұрсынов еді. Бұл тарихи еңбектің маңызы зор».

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтары жазылды.

«Тіл – құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін танудың басы болды, қазіргі қазақ тіл білімі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл – құрал» еңбегінің орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаудағы А.Байтұрсыновтың тағы бір зор еңбегі – қазақ тілінің терминдерін жасауы. Қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы А.Байтұрсынұлынікі.

Оның 1928 жылы Қызылордада жарық көрген «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі. Ол 1910-1928 жылдар аралығында әдістеме саласында бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жобасын «Әліпби астары» атты әдістемелік еңбегінде көрсетіледі. «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі әдістемесіне арналған бірнеше мақала жариялайды.

А.Байтұрсынұлының өз қолымен жазған өмірбаянында былай деген екен: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін, орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; төртіншіден, проза тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты». Бұл жолдардан ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылғанын аңғару қиын емес.

Тіл саласының білгірі А.Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын, графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб әліпбиі негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл – құрал» еңбегін жазған.

Міне, өзіміз көргеніміздей, А.Байтұрсыновтың қазақ тілінің қалыптасуына қосқан үлесі зор. Тәуелсіз еліміздің айтулы мерекесі саналатын Қазақстан халқы тілдері күні мерекесінің ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен сәйкестендіріліп атап өтілуі – орайлы істің бірі деп бағалаймыз. Қазақтың рухани көсемі Ахаң туған күн, тілдер мерекесі құтты болсын, тіл жанашырлары.

**Ақгүл ОШАҒАНОВА,**
**«Тілтану» оқу-әдістемелік орталығы қазақ тілі курсының оқытушысы**



*Ахмет Байтұрсынұлы зиялы қауым ортасында.*

# ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛГІҢ КЕЛСЕ ӘНІН ҮЙРЕН

Меніңше, кез келген ұлттың тілі сол халықтың мінез-құлқын, дүниетанымын, талғамын, тарихын, өмірге деген көзқарасын білдіретін төлқұжат сияқты. Менің ұлтым – татар. Үш тілде сөйлеймін, түсінемін, жаза аламын, ойымды толық жеткізе аламын: олар – татар тілі, қазақ тілі және орыс тілі. Осы үш тіл арқылы мен үш ұлттың жан дүниесін ұғынып, сыртқы дүниені қалай қабылдайтынын, өздеріне ғана тән ішкі әлеміндегі құпияларды, ерекшеліктерді салыстырып, бағамдай алатын сияқтымын. Осы үш тіл арқылы үш халықтың айырмашылықтарын да, ұқсастықтарын да өз мүмкіндігімше салмақтай аламын.

Татар тілі мен қазақ тілі – туысқан тіл, ал орыс тілі мен қазақ тілі тағдыр түйістірген тілдер, менің ойымша. Өз басым осы үш тілді білу арқылы мен өз кеңістігімді кеңейттім, өрісімді ұлғайттым. Орыстілді ортаға барсам да, қазақтілді ортада жүрсем де мен өзімді еркін сезінемін, ортамен тез тіл табысып кете аламын, өйткені сол тілде қарым-қатынасқа түсе аламын, тіл табыса аламын. Сондықтан ана тіліңмен қатар басқа тілдерді құрметтей отырып, үйрену – үлкен олжа. Әсіресе ел мен елдің, ұлт пен ұлттың араласуы күшейіп тұрған бүгінгі күнде көп тілді білу – зор жетістік әрі мүмкіндігіңді кеңейтер құрал.

Әрбір қазақстандық жан-жақты түсініп, орындауға тиісті бір міндет бар: ол – мемлекеттік тіл мәртебесі бар қазақ тілін білу, үйренуге ұмтылу. Бұл – сол тілге ғана емес, тұтас ұлтқа деген құрметтің белгісі.

Мен өнер адамы ретінде көп ортада болдым, көп адамдармен тағдырлас болдым. Сол адамдардың көбі – қазақтар. Мен қазақ тілін үйренуім үшін арнайы курсқа барған жоқпын, мұғалім жалдап үйренген жоқпын. Мені өзім жүрген қазақи орта үйретті. Қазақ достарыммен болған шығармашылық қарым-қатынас арқылы қазақ тілін үйреніп алдым. Сол үйренген тілім мені қазақи ортаға бөтенсітпеді. Міне, тілдің күші, құдіреті, пайдасы осында.

Ұзақ жылдар Жезқазған филармониясында қызмет еттім. Зейнет демалысына шықсам да өнерден, ән айту өнерінен алыстап кеткен жоқпын. Ән де ұлттың жаны. Өзге ұлттың бір әнін үйреніп, соның сөзі мен әуенін жаныңмен сезініп, өн бойыңа сіңіру арқылы сол ұлттың болмысын тани түскің келеді, сол ұлтқа жақындай түсесің. Сол ұлт сенің жақының бола түседі. Осы ойымды ортаға сала отырып, мен Қазақстанда тұрып жатқан, Қазақстанды Отаным деп танитын өзге ұлт өкілдеріне мынадай кеңес берер едім: қазақ тілін үйрену – парызың; қазақ тілін үйренгің келе ме, заң, қаулы-қарар немесе мұғалімі бар курстардың ашылуын күтіп отырмай-ақ қой, қазақ әнін үйрен, сөзін жатта, аудармасын сұрап-біліп, мағынасын түсін, сонан соң сол әнді айтуға дағдылан. Меніңше, қазақ әні – тілді үйренуге бастар тиімді жол. Менің репертуарымдағы халық әні «Қыз қарағай», Абайдың әні «Айттым сәлем, қаламқас» – мені қазақ тілі мен қазақ әніне ғашық қылған шығармалар. Қысқасы, қазақ тілін үйренгің келе ме, қазақ әнін үйрен.

**Нурия НИГМАТУЛЛИНА,**
**өнер ардагері.**

# ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНІП ЖҮРМІН

Менің есімім – Светлана, ұлтым – орыс. Отаным – Тәуелсіз Қазақстан, сүйікті қалам – Жезқазған. Меніңше, кез келген өзге ұлт өкілдері өздерін осылай таныстыратын сияқты. Жасыратыны жоқ, кейде «өзге ұлт өкілдері» деген сөзді естігенде мен үшін жергілікті ұлт өкілдері – қазақтар мен басқа ұлт өкілдерін бөлектеп жатқан сияқты көрінеді. Шындығында біз бір елде, бір табиғи ортада, бір қоғамда өмір сүріп жатқан жандармыз. Шартты түрде әлгіндей атаумен айрықшалап жатқанмен, мақсаты – бір, бағыты – бір, армандары – бір адамдармыз. Бір сөзбен айтқанда, қазақстандықтармыз. Осы сәтті пайдалана отырып, мен жерлестерімді Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен және Тілдер мерекесімен құттықтаймын.

Мен Жезқазған қаласындағы «Қазақмыс корпорациясының» жөндеу-механикалық мамандандырылған басқармасында экономист болып қызмет атқарамын. Жұмысым да, жұмыс істеп жүрген ортам да ұнайды. Айтайын дегенім мынау – менің достарым да, таныстарым да көп. Қазақ достарым да жеткілікті. Тек қазақ тілін жақсы білмейтіндігім, еркін сөйлей алмайтындығым көп жағдайда кедергі болып жүргенін кейіннен сезіндім. «Шіркін, қазақ тілін де орыс тіліндей жетік білсем ғой» деген ішкі ойым мені тіл үйрену курсына алып келді. Қазір қаламыздың мәдениет бөліміне қарасты «Тілтану» орталығындағы тегін курста оқып жүрмін. Бос уақытымда тіл үйренуге көп көңіл бөлемін. Қазір сөздік қорым қазақ сөздермен молайып келеді. Осы тіл үйрету курсында оқып жүріп және қазақ достарыммен араласу барысында көп ұзамай қазақ тілінде ойымды айта алатындай деңгейге жетемін деген үміттемін.

«Ұлтың бөлек» деп ешкімді кеудесінен итермеген Қазақстанның мемлекеттік тілін білу – менің азаматтық борышым. Кең байтақ, бауырмал қазақ жерінде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдері өз тілімен қоса қазақ тілін меңгеруге тырысуы қажет. Сондай-ақ Қазақстанда қазақ тілі қашанда бірінші орыннан көрінуі керек деп есептеймін, өйткені ол – мемлекеттік тіл.

**Светлана АБИЛЬДИНОВА,**
**экономист.**

## ДҮЙСЕНБІ
### 6 ҚЫРКҮЙЕК

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран 6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф 6:20 «Күміс көмей». 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Ғашықтық дерті». Т/х. 12:00 «Qyzyq eken...». 13:00 AQPARAT 13:10 «АЙДАҺАРЛАР: ШАЛҒАЙДАҒЫ ШЫТЫРМАН». М/х. 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «Арта». 15:50 «Ер қанаты». 16:00 «Замандастар». Т/х. 17:00 AQPARAT 17:15 «QYZYQ EKEN...». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Т/х. 20:00 AQPARAT20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЗАМАНДАСТАР». Т/х 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Т/х. 23:30 «Жарқын жүздесу».0:30 «САНА». 1:35 AQPARAT 2:15 «Ashyq alań». 3:05 «Теледәрігер» 3:55 «Жер төресі». Д/ф.

**ХАБАР**

6:00 Хабарлайын 7:00 «Таңғы хабар» 10:00 Күнделік. «Мерейлі отбасы» 10:30 «Бір туынды тарихы» 11:00 Т/х. «Сырлы қала» 13:00 Т/х. «Зәуре» 14:15 Т/х. «Сүрбойдақ» 15:00 «Бүгін». 16:00 Т/с. «Черный пес» 18:00 Мегахит. «Девять ярдов» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бизнеске бағыт». 21:00 Итоги дня 21:30 Т/х. «Келінжан 3» 22:45 Күнделік. «Мерейлі отбасы» 23:30 «Национальный интерес» 0:45 Т/с. «Черный пес»

**АСТАНА**

6:00»Ән мен әзіл» 6:30»Қара ой» 7:00»Ұрланған тағдыр» 8:00М/ф «Маша и медведь» 9:50»Үзілген моншақ» 11:20»Қара ниет 2» 12:20»Кэ Бэк» 14:00»Айтарым бар» 15:00»Сүлеймен Сұлтан» 16:20»Аладдин» 17:30»Тағдырым жазылған күн» 20:00ASTANA TIMES 21:00»Қара ниет 2» 22:00»Үзілген моншақ» 23:20 «Кэ Бэк» 0:50»Қош келдіңіз» 1:40ASTANA TIMES 2:10»Біреудің есебінен» 2:55»KazNet» 3:15»Үздік әзілдер» 3:50»Интерны» т/сериал 4:35»Біздің ауыл» 5:05»Сырты бүтін» деректі драма 5:30»Бірегей».

**КТК**

07.05 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ", 08.20 "ӨМІР САБАҒЫ", 09.20 "ПОХИЩЕННЫЙ", 11.30 "Ф.И.Л.И.Н", 6.00 "ОТРЕЧЕНИЕ", 18.00 "МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21.40 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ", Т/С. 23.40 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ", Т/С. 01.30 "ОТРЕЧЕНИЕ", 02.15 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", 03.00 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ" 03.40-04.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**

06.00 Т/п «Қуырдақ» 07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN» 09.00 Т/х «Мезгілсіз сезім» 10.00 Т/п «Орёл и решка» 11.00 Х/ф «Механик» 13.00 Jaidarman 14.30 Скетчком «Q-елі» 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім» 16.10 Т/с «Там, куда падают звезды» 17.30 Х/с «Гранд» 3 сезон 18.00 Т/с «Случайный кадр» 19.00 Вечерняя программа «Студия 7» 19.30 Х/с «Скорая помощь» 21.30 Т/х «Япырай» 22.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат» 00.00 Х/ф «Терминатор 2: Судный день» 02.40 Скетчком «Q-елі» 03.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат» 05.00 Т/х «Япырай» 05.30 Т/п «Қуырдақ».

**31-АРНА**

06:00 Әзіл студио 07:00 Әзілдер күнделігі 08.10 Сериал «Журек жыры» 09:20 «Иффет» 10:40 Сериал «Жанкешті ханымдар» 13:00 «Құзғын» 14:00 Мультсериал «Аладдин» 14:30 Мультсериал «Лило и Стич» 15:00 «Полное погружение»17:00 «Суд идет»18:00 КИНО. «Сердце дракона» 20:00 Информбюро 21:00 Турецкий сериал «Ворон» 21:50 КИНО «Обитель зла 2» 23:50 КИНО «Обитель зла 3» 01:40 Кел,татуласайық! 03:40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері 05:00 Ризамын

## СЕЙСЕНБІ
### 7 ҚЫРКҮЙЕК

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран 6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:20 AQPARAT 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Ғашықтық дерті». Т/х. 12:00 «Qyzyq eken...». 13:00 AQPARAT 13:15 «АЙДАҺАРЛАР: ШАЛҒАЙДАҒЫ ШЫТЫРМАН». М/х. 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «Másele». 15:35 «ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРЛАНДАРЫ». 16:00 «Замандастар». Т/х. 17:00 AQPARAT 17:15 «QYZYQ EKEN...». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Т/х. 20:00 AQPARAT 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЗАМАНДАСТАР». Т/х. 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Т/х. 23:30 «Жарқын жүздесу». 0:30 «САНА». 1:35 AQPARAT 2:15 «Ashyq alań». 3:05 «Теледәрігер» 3:55 «Тәуелсіздік тарландары».

**ХАБАР**

6:00 Хабарлайын 7:00 «Таңғы хабар» 10:00 Күнделік. «Мерейлі отбасы» 10:30 «Бір туынды тарихы» 11:00 Т/х. «Сырлы қала» 13:00 Т/х. «Келінжан 3» 14:15 Т/х. «Сүрбойдақ» 15:00 «Бүгін». 16:00 Т/с. «Черный пес» 18:00 Мегахит. «Десять ярдов» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Хронограф 2021» 21:00 Итоги дня 21:30 Т/х. «Келінжан 3» 22:45 Күнделік. «Мерейлі отбасы» 23:15 Т/с. «Черный пес» 1:15 Т/с. «Семейные обстоятельства»

**АСТАНА**

6:00»Ән мен әзіл» 6:30»Қара ой» 7:00»Ұрланған тағдыр» 8:00М/ф «Маша и медведь» 9:50»Үзілген моншақ» 11:20»Қара ниет 2» 12:20»Кэ Бэк» 14:00»Айтарым бар» 15:00»Сүлеймен Сұлтан» 16:20 «Аладдин» 17:30»Тағдырым жазылған күн» 20:00ASTANA TIMES 20:55 Loto 5/36. 21:00»Қара ниет 2» 22:00»Үзілген моншақ» 23:20»Кэ Бэк» 0:50»Қош келдіңіз» 1:40ASTANA TIMES 2:10»Біреудің есебінен» 2:55»KazNet» 3:15 «Үздік әзілдер» 3:50»Интерны» т/сериал 4:35»Біздің ауыл» 5:05»Сырты бүтін» деректі драма 5:30»Бірегей»

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07.30 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ", 08.50 "ӨМІР САБАҒЫ", 09.50 НОВОСТИ 10.30 "БЕЗ ФИЛЬТРОВ" 11.30 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ", 13.40 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ", 16.00, 01.30 "ОТРЕЧЕНИЕ", 18.00 "МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20.00, 02.15 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21.40 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ", 23.40 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ" 03.00 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ" 03.40-04.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

**7-АРНА**

06.00 Т/п «Қуырдақ» 07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN» 09.00 Т/х «Мезгілсіз сезім» 10.00 Т/с «Случайный кадр» 11.00 Х/с «Скорая помощь» 13.00 Т/х «Өсекшілер» 14.00 Скетчком «Q-елі» 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім» 16.10 Т/с «Там, куда падают звезды» 17.30 Х/с «Гранд» 3 сезон 18.00 Т/с «Случайный кадр» 19.00 Вечерняя программа «Студия 7» 19.30 Х/с «Скорая помощь» 21.30 Т/х «Япырай» 22.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат» 00.00 Х/с «Гранд» 3 сезон 00.30 Т/с «Анна-детектив» 01.30 Скетчком «Q-елі» 03.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат» 05.00 Т/х «Япырай» 05.30 Т/п «Қуырдақ».

**31-АРНА**

06:00 Әзіл студио 07:00 Информбюро 08:10 «Суд идет» 09:20 «Иффет»10:40 Сериал «Жанкешті ханымдар» 13:00 «Құзғын» 14:00 What's up? 14:30 Детективный сериал «Консультант» 17:00 «Суд идет»18:00 КИНО «Авангард: Арктические волки» 20:00 Информбюро 21:00 «Ворон» 21:50 КИНО. «Между мирами» 23.50 Д/цикл «В мире чудес» 00:50 Кел,татуласайық! 03:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері 05:00 Ризамын.

## СӘРСЕНБІ
### 8 ҚЫРКҮЙЕК

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран 6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:20 AQPARAT 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Ғашықтық дерті». Телехикая. 12:00 «Qyzyq eken...». 13:00 AQPARAT 13:15 «АЙДАҺАРЛАР: ШАЛҒАЙДАҒЫ ШЫТЫРМАН». М/х. 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «КЕЛБЕТ». 15:30 «ҒАЖАЙЫП ӨЛКЕ». 16:00 «Замандастар». Телехикая. 17:00 AQPARAT 17:15 «QYZYQ EKEN...». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Т/х. 20:00 AQPARAT 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЗАМАНДАСТАР». Т/х. 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Т/х. 23:30 «Жарқын жүздесу». 0:30 «САНА». 1:35 AQPARAT 2:10 «Ashyq alań». 3:00 «Теледәрігер» 3:55 «Келбет».

**ХАБАР**

6:00 Хабарлайын 7:00 «Таңғы хабар» 10:00 Күнделік. «Мерейлі отбасы» 10:30 «Бір туынды тарихы» 11:00 Т/х. «Сырлы қала» 13:00 Т/х. «Келінжан 3» 14:15 Т/х. «Сүрбойдақ» 15:00 «Бүгін». 16:00 Т/с. 18:00 Мегахит. «Гнев» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Отдел журналистких расследований» 21:00 Итоги дня 21:30 Т/х. «Келінжан 3» 22:45 Күнделік. «Мерейлі отбасы» 23:15 Российский т/с. 1:15 Т/с. «Семейные обстоятельства»

**АСТАНА**

6:00»Ән мен әзіл» 6:30»Қара ой» 7:00»Ұрланған тағдыр» 8:00М/ф «Маша и медведь» 9:50»Үзілген моншақ» 11:20»Қара ниет 2» 12:20»Кэ Бэк» 14:00»Айтарым бар» 15:00»Сүлеймен Сұлтан» 16:20»Аладдин» 17:30»Тағдырым жазылған күн» 18:30 «АНА» 20:55 Loto 6/49. 21:00»Қара ниет 2» 22:00»Үзілген моншақ» 23:20»Кэ Бэк» 0:50»Қош келдіңіз» 1:40ASTANA TIMES 2:10»Біреудің есебінен» 2:55»KazNet» 3:15 «Үздік әзілдер» 3:50»Интерны» т/сериал 4:35»Біздің ауыл» 5:05»Сырты бүтін» деректі драма 5:30»Бірегей».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07.30 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ", 08.50 "ӨМІР САБАҒЫ", 09.50 НОВОСТИ 10.30 "БЕЗ ФИЛЬТРОВ" 11.30 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ", 13.40 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ", 16.00 "ОТРЕЧЕНИЕ", 18.00 "МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20.00, 02.15 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21.40 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ", МЕЛОДРАМА. 23.40 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ", 01.30 "ОТРЕЧЕНИЕ" 03.00 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ" 03.40-04.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

**7-АРНА**

06.00 Т/п «Қуырдақ» 07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN» 09.00 Т/х «Мезгілсіз сезім» 10.00 Т/с «Случайный кадр» 11.00 Х/с «Скорая помощь» 13.00 Т/х «Өсекшілер» 14.00 Скетчком «Q-елі» 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім» 16.10 Т/с «Там, куда падают звезды» 17.30 Х/с «Гранд» 3 сезон 18.00 Т/с «Случайный кадр» 19.00 Вечерняя программа «Студия 7» 19.30 Х/с «Скорая помощь» 21.30 Т/х «Япырай» 22.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат» 00.00 Х/с «Гранд» 3 сезон 00.30 Т/с «Анна-детектив» 01.30 Скетчком «Q-елі» 03.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат» 05.00 Т/х «Япырай»05.30 Т/п «Қуырдақ»

**31-АРНА**

06:00 Әзіл студио 07:00 Информбюро 08:10 «Суд идет» 09:20 «Иффет» 10:40 Сериал «Жанкешті ханымдар» 13:00 «Құзғын» 14:00 What's up?14:30 Д/сериал «Консультант.Лихие времена» 17:00 «Суд идет»18:10 КИНО «Между мирами» 20:00 Информбюро 21:00 «Ворон» 21:50 КИНО. «Патруль времени» 00.00 Д/цикл «В мире чудес» 01:00 Кел,татуласайық! 03:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері 05:00 Ризамын

## БЕЙСЕНБІ
### 9 ҚЫРКҮЙЕК

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран 6:05«Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 AQPARAT 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Ғашықтық дерті». Телехикая. 12:00 «Qyzyq eken...». 13:00 AQPARAT 13:15 «АЙДАҺАРЛАР: ШАЛҒАЙДАҒЫ ШЫТЫРМАН». М/х. 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «Тәуелсіздік тәуекелдері». 15:35 «Тұлға» 16:00 «Замандастар». Т/х. 17:00 AQPARAT 17:15 «QYZYQ EKEN...». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Т/х. 20:00 AQPARAT 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЗАМАНДАСТАР». Т/х 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Т/х. 23:30 «Жарқын жүздесу». 0:10 «PARASAT MAIDANY» 0:40 «САНА». 1:40 AQPARAT 2:15 «Ashyq alań». 3:05 «Теледәрігер» 3:55 «Ғажайып өлке».

**ХАБАР**

6:00 Хабарлайын 7:00 «Таңғы хабар» 10:00 Күнделік. «Мерейлі отбасы» 10:30 «Бір туынды тарихы» 11:00 Т/х. «Сырлы қала» 13:00 Т/х. «Келінжан 3» 14:15 Т/х. «Сүрбойдақ» 15:00 «Бүгін». 16:00 Российский телесериал. 18:00 Мегахит. «Вердикт за деньги» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Народный контроль» 21:00 Итоги дня 21:30 Т/х. «Келінжан 3» 22:45 Күнделік. «Мерейлі отбасы» 23:15 Российский т/с 1:15 Т/с. «Семейные обстоятельства»

**АСТАНА**

6:00»Ән мен әзіл» 6:30»Қара ой» 7:00»Ұрланған тағдыр» 8:00М/ф «Маша и медведь» 9:50»Үзілген моншақ» 11:20»Қара ниет 2» 12:20»Кэ Бэк» 14:00»Айтарым бар» 15:00»Сүлеймен Сұлтан» 16:20»Аладдин» телехикаясы 17:30»Тағдырым жазылған күн» 18:30 «АНА» 20:00 ASTANA TIMES 21:00»Қара ниет 2» 22:00»Үзілген моншақ» 23:20»Кэ Бэк» 0:50»Келіндер» 1:40ASTANA TIMES 2:10»Біреудің есебінен» 2:55»KazNet» 3:15 «Үздік әзілдер» 3:50»Интерны» т/сериал 4:35»Біздің ауыл» 5:05 «Сырты бүтін» деректі драма 5:30»Бірегей».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07.30 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ", 08.50 "ӨМІР САБАҒЫ", 09.50 НОВОСТИ 10.30 "БЕЗ ФИЛЬТРОВ" 11.30 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ", 13.40 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ" 16.00, 01.30 "ОТРЕЧЕНИЕ", 18.00 "МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20.00, 02.15 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21.40 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ" 23.40 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ" 03.00 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ" 03.40-04.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09.00 «Мезгілсіз сезім». 10.00 «Случайный кадр». 11.00 Х/с «Скорая помощь». 13.00 «Өсекшілер». 14.00 «Q-елі». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.10 «Где приземляются звезды». 17.30 Х/с «Гранд». 18.00 «Случайный кадр». 19.00 «Студия 7». 19.30 Х/с «Скорая помощь». 21.30 «Ата-ана, бала-шаға». 22.00 «Арам ақша. Адал махаббат». 00.00 Х/с «Гранд». 00.30 «Анна-детектив». 01.30 «Q-елі». 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат». 05.00 «Қуырдақ».

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:10 Сериал «Жүрек жыры». 09:20 «Иффет». 12:00 «Ананди». 13:00 «Құзғын». 14:00 What's up?. 14:30 «Консультант». 17:00 Сериал «Жүрек жыры». 18:10 КИНО. «Робинзоны из Беверли Хиллз». 20:00 Информбюро. 21:00 «Ворон». 21:50 КИНО. «Начни сначала». 01:40 КИНО. «Робинзоны из Беверли Хиллз». 01:50 Кел, татуласайық! 03:40 1001 анекдот.

## ЖҰМА
### 10 ҚЫРКҮЙЕК

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран 6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм. 6:25 AQPARAT 7:00 «TAŃSHOLPAN» 10:00 «Ғашықтық дерті». Т/х. 12:00 «Qyzyq eken...». 13:00 AQPARAT 13:15 «АЙДАҺАРЛАР: ШАЛҒАЙДАҒЫ ШЫТЫРМАН». М/х. 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «ЗАҢ ЖӘНЕ БІЗ» Айман Омаровамен. 15:30 «Атамекен». 16:00 «Замандастар». Т/х. 17:00 AQPARAT 17:15 «QYZYQ EKEN...». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Телехикая. 20:00 AQPARAT 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «Өмірдің өзі новелла». Т/х. 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Т/х. 23:30 «Жарқын жүздесу». 0:30 «САНА». 1:30 AQPARAT 2:05 «Ashyq alań». 2:55 «Теледәрігер» 3:45 «Заң және біз» Айман Омаровамен.

**ХАБАР**

6:00 Хабарлайын 7:00 «Таңғы хабар» 10:00 «Ән әлемі» 10:30 «Бір туынды тарихы» 11:00 Т/х. «Сырлы қала» 13:00 Телехикая. «Келінжан 3» 14:15 Телехикая. «Сүрбойдақ» 15:00 «Бүгін». 16:00 Российский телесериал. 18:00 Мегахит. «Переговорщик» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Індетпен күрескен Қазақстан». 20:45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». 21:00 Итоги дня 21:30 Телехикая. «Келінжан 3» 22:45 Российский телесериал. 0:45 Телесериал. «Семейные обстоятельства».

**АСТАНА**

6:00»Ән мен әзіл» 6:30»Қара ой» 7:00»Ұрланған тағдыр» 8:00М/ф «Маша и медведь» 9:50»Үзілген моншақ» 11:20»Қара ниет 2» 12:20»Кэ Бэк» 14:00»Айтарым бар» 15:00»Сүлеймен Сұлтан» 16:20»Аладдин»17:30»Тағдырым жазылған күн» 18:30 «АНА» 20:00ASTANA TIMES 20:55Loto 5/36. 21:00»Қара ниет 2» 22:00»Үзілген моншақ»23:20»Кэ Бэк»0:50»Келіндер»1:40ASTANA TIMES 2:10»Біреудің есебінен» 2:55»KazNet» 3:15 «Үздік әзілдер» 3:50»Интерны» т/сериал 4:35»Біздің ауыл» 5:05 «Сырты бүтін» деректі драма 5:30»Бірегей».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07.30 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ" 08.50 "ӨМІР САБАҒЫ" 09.50 НОВОСТИ 10.30 "БЕЗ ФИЛЬТРОВ" 11.30 "НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ", 13.40 "ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ" 16.00, 01.30 "ОТРЕЧЕНИЕ", 18.00 "МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20.00 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ". 20.35 "KTKweb". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21.40 "ЛЕГЕНДА ДЛЯ ОПЕРШИ" 02.15 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ" 02.40 "KTKweb" 03.00 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ" 03.40-04.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09.00 «Мезгілсіз сезім». 10.00 «Случайный кадр». 11.00 Х/с «Скорая помощь». 13.00 «Өсекшілер». 14.00 «Q-елі». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.10 «Орёл и решка». 17.10 Х/ф «Приличные люди». 19.00 «Студия 7». 19.30 Шоу «Ну-ка, все вместе!». 21.30 «Ата-ана, бала-шаға». 22.00 «Арам ақша. Адал махаббат». 00.00 Шоу «Маска». 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат». 05.00 «Қуырдақ».

**31 АРНА**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:10 Сериал «Жүрек жыры». 09:20 «Иффет». 12:00 «Ананди». 13:00 «Құзғын». 14:00 What's up?. 14:30 «Консультант». 17:00 Сериал «Жүрек жыры». 18:10 КИНО «Начни сначала». 20:00 Информбюро. 21:00 «Ворон». 21:50 КИНО. «Притяжение». 00:40 «Ананди». 01:30 Кел, татуласайық! 03:20 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## СЕНБІ
### 11 ҚЫРКҮЙЕК

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран 6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 «Ғасырлар үні» 7:15 AQPARAT 7:50 «СҰЛУЛЫҚ СЫРЫ». Д/ф. 8:40 «Сағындырған әдер-ай» 9:40 «КИЕЛІ QAZAQSTAN». Д/ф. 10:00 «Ғашықтық дерті». Т/х. 12:00 «Әзіл әлемі» 13:45 «ҮШІНШІ ШРЕК». М/ф 15:15 «Сүймегенге сылтау көп». К/ф 17:00 «DARYN». Телеолимпиада 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Т/х. 20:00 «MÁSELE». 20:40 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Т/х. 23:30 «ТРАНСФОРМЕРЛЕР: СОҢҒЫ РЫЦАРЬ». К/ф 2:10 «Másele». 2:50 «Киелі Qazaqstan». Д/ф. 3:10 «Ауылдастар». 3:35 «Ғасырлар үні»

**ХАБАР**

6:00 Кел, шырқайық! 7:00 «Өзін-өзі тану» 7:15 Т/с. «Сердце ангела» 9:00 «Tangy fresh» 10:00 XXI ғасыр көшбасшысы 11:00 Т/х. «Әке бақыты» 12:00 Т/х. «Келінжан 3» 14:30 Кино. «Иван Васильевич меняет профессию» 16:30 Российский т/с. 18:00 Мегахит. «Бойцовский клуб» 20:00 «Хит жазамыз» 21:00 «7 күн» 22:00 «Хабарлас» 23:15 Российский телесериал. 1:15 Т/с. «Семейные обстоятельства»

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл» 6:30»Күлдірген» 7:00»Үздік әзілдер» 8:00 М/ф «Маша и медведь» 9:50»Үзілген моншақ» 11:20 «Қара ниет 2» 12:20 «Кэ Бэк» 14:00 Х/ф Аким 17:30 «Тағдырым жазылған күн» 18:30 «АНА» 20:00 Үздік әзілдер 20:55 Loto 6/49. Прямой эфир 21:00»Қара ниет 2» 22:00»Үзілген моншақ» 23:20»Кэ Бэк» 0:50»Үздік әндер» 2:50»Azil keshi» 4:20 Той жыры 4:50»KazNet» 5:10»Үздік әзілдер» 5:30 «Сырты бүтін»

**КТК**

07.05 "ҮЛКЕН ҮЙ-3", 07.50 "БАСТЫ РӨЛДЕ" 08.20 "КТК-да ҚАБАТОВ" 09.30"ЮМОРИНА" 11.00 "ЛЕГЕНДА ДЛЯ ОПЕРШИ", 15.0, 02.20 "АТАЛАР СӨЗІ", 17.00 "Ф.И.Л.И.Н", детектив 21.00 "БОЛЬШИЕ НОВОСТИ". 22.00 "КОМПАНЬОНКА", 01.40 "ОТРЕЧЕНИЕ", мелодрама 03.10-04.10 "КТК-да ҚАБАТОВ"

**7-АРНА**

06.00 Т/п «Гу-гулет» 06.30 Т/п «Айна-online» 07.30 Скетчком «Q-елі» 08.30 Т/п «Япырай» 09.00 Т/х «Мезгілсіз сезім» 10.00 Т/п «Регина+1» 11.50 Т/п «Орёл и решка» 12.50 Шоу «Ну-ка, все вместе!» 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім» 16.00 Т/х «Барлау» 17.50 Скетчком «Q-елі» 18.30 Т/х «Зың-зың Күлпәш» 21.00 Шоу «Маска» 00.00 Х/ф «Король воров» 02.10 Т/х «Зың-зың Күлпәш» 04.40 Т/п «Гу-гулет»05.30 Т/п «Қуырдақ».

**31-АРНА**

06:00 Әзіл студио 06:40 Әзілдер күнделігі 07.10 Тамаша live 07:50 Информбюро 09:00 Tennis show 09:30 Готовим с Адель 10:00 Тәтті шоу 11:00 Д/фильм «Өмір Сахнасы» 11:40 М|с «Аладдин» 12:40 Мультсериал «Лило и Стич» 14:00 А/фильм «Три Богатыря и Морской Царь» 15:50 КИНО. «Киллеры» 18:00 КИНО. «Ангелы Чарли 2: только вперед» 20:00 КИНО. «Такси 2» 21:40 КИНО. «Незнакомец» 23:30 Мистическое шоу «Битва экстрасенсов» 02:10 Тамаша live 02:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

## ЖЕКСЕНБІ
### 12 ҚЫРКҮЙЕК

**ОТБАСЫ КҮНІ**

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран 6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 «Сағындырған әндер-ай». 7:20 «СҰЛУЛЫҚ СЫРЫ». Д/ф. 8:15 «AQSAÝYT». 8:40 «Үшінші Шрек». Мультфильм 10:00 «Ғашықтық дерті». Т/х. 12:00 «Qazaqstan дауысы». 14:00 «ШРЕК:МҰРАТЫНА ЖЕТУ». М/ф 15:25 «МЕНІҢ ОТБАСЫМ». 15:50 Нұрболат Абдуллиннің концерті 17:25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Т/х. 20:00 «АРТА». 20:50 «Жүзден жүйрік». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Т/х. 23:30 «БАМБЛБИ». К/ф 1:30 «Арта». 2:20 «Менің отбасым». 2:45 «Күміс көмей». 3:30 «Ауылдастар». 3:55 «Parasat maıdany».

**ХАБАР**

6:00 Кел, шырқайық! 7:00 «Самопознание» 7:15 Т/с «Сердце ангела» 9:15 Телехикая. «Келінжан 3» 14:30 Кино. «Иван Васильевич меняет профессию» 16:30 Мегахит. «Переговорщик» 18:30 «Маска» 19:00 «Ән әлемі» 20:00 «Eco meken» 21:00 «Мәжіліс.kz» 21:30 «7 күн» 22:30 «Большая неделя» 23:30 Т/с. «Семейные обстоятельства» 1:30 «Pro SPORT».

**АСТАНА**

6:00 Қаламгер 6:30 «Үздік әзілдер» 8:00М/ф «Маша и медведь» 10:00TeleBingo. 10:25 «Үзілген моншақ» 2:00»Қара ниет 2» 13:00»Кэ Бэк» 14:30Х/ф Побег из аула. Операция махаббат17:30»Тағдырым жазылған күн»
18:30 «АНА» 20:00Үздік әзілдер 21:00 «Қара ниет 2» 22:00 «Үзілген моншақ» 23:20 «Кэ Бэк» 0:50 «Bas times» 2:00 «Үздік әндер» 3:40 «KazNet» 4:00 «Әзілстан» 4:20 «Ән мен әзіл» 5:20 «Сырты бүтін».

**КТК**

07.05 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ" 07.50 "АНАЛАРҒА ӘЗІЛІМДІ АРНАЙМЫН" 09.30 "ЮМОРИНА" 11.50 "КОМПАНЬОНКА", МЕЛОДРАМА 16.00, 01.40 "АТАЛАР СӨЗІ", 18.00 "ШАНШАР" 21.00 "ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ" 22.00 "ЗОЛОТАЯ НЕВЕСТА", МЕЛОДРАМА. 00.00 "ОТРЕЧЕНИЕ", 03.00-04.30 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ".

**7-АРНА**

06.00 «Гу-гулет». 06.30 «Айна-online». 07.30 «Q-елі». 08.30 «Япырай». 09.00 «Мезгілсіз сезім». 10.00 «Q-елі». 10.10 «Орёл и решка». 11.10 Х/ф «Приличные люди». 13.00 Х/ф «Замуж в 30». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.00 К/ф «Әкешім». 18.40 Концерт Қуандық Рахым. 19.50 «Jaidarman». 21.15 Х/ф «Механик». 23.00 «Разведка». 00.50 Х/ф «Замуж в 30». 02.50 К/ф «Әкешім». 05.15 «Қуырдақ».

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:30 Док/фильм «Өмір Сахнасы». 07:00 Тәтті шоу. 07:30 КИНО. «Зубная фея». 09:30 Готовим с Адель 10:00 Розыгрыш от «Halyk Bank». 10:05 Tennis show. 10:20 What's up?. 11:30 М/с «Аладдин». 12:20 М/с «Лило и Стич». 13.20 КИНО. «Такси». 15:20 КИНО. «Кикбоксер 2: Дорога назад». 17:20 КИНО. «Сердце дракона». 19:30 КИНО. «Авангард: Арктические волки». 21:30 КИНО. «Готика». 23:30 «Битва экстрасенсов». 01:40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

# Дүйсенбай АХМЕТОВ



Денсаулық сақтау саласының еңбек сіңірген ардагері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Дүйсенбай Ахметов өмірден озды.

Дүйсенбай Ахметов 1934 жылы дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітіргеннен кейін еңбек жолын 1960 жылы Жезқазған қаласының №1 ауруханасында отоларинголог дәрігер болып бастап, осы аурухананың бас дәрігеріне дейін көтерілді.

Өмір бойы Дүйсенбай ақсақал өз мамандығына адалдығын сақтай отырып, туған қаласының медицина саласында еңбек еткен 41 жыл ішінде өзінің таланты мен біліктілігінің арқасында кез-келген міндетті абыроймен атқара білді.

Дүйсенбай Ахметов 1962-1963 жылдары Жезқазған қаласының № 1 ауруханасында травматология бөлімінің меңгерушісі, содан кейін 1985 жылға дейін №1 Жезқазған қалалық ауруханасы бас дәрігерінің емхана жұмысы бойынша орынбасары, Жезқазған қаласы бойынша бөлім меңгерушісі, диспансерлік қызметтің емдеу ісі жөніндегі меңгерушісі, Жезқазған қаласының №1 ауруханасының бас дәрігері, Қарағанды облыстық денсаулық басқармасының қалалық бөлімінің меңгерушісі, «Кәсіби аурулар институты» филиалының директоры, Жезқазған облыстық туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері қызметтерін атқарған, сонымен қатар 1985 жылдан 1994 жылға дейін Жезқазған қаласының №1 қалалық ауруханасының бас дәрігері болып осы жерден зейнетке шықты.

Дүйсенбай Ахметов қаламызда хирургияны дамыту үшін көп жұмыс жасады, аурухана ұжымы оның басшылығымен осы бағытта жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Әрдайым бастамашыл, өзіне және қол астындағыларға талапшыл болған, Дүйсенбай ақсақал науқастарға мұқият қарады, оған қоса қоғамдық өмірге белсене қатысты, Жезқазған қалалық халық депутаттары кеңесінің депутаты болып сайланды. Осылайша ұжымның, емделушілердің және жерлестерінің құрметіне ие болды.

Жеткен жетістіктері үшін Дүйсенбай Ахметов бірнеше рет мемлекеттік наградалармен «Ленин» орденімен, «ҚР Еңбек сіңірген дәрігері», «ҚР Денсаулық сақтау үздігі», «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгілерімен, «Қазақстанның 20 жылдығы», «Жезқазған қаласына 60 жыл» және медицина саласындағы зор үлесі үшін «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған.

Жерлестері Дүйсенбай ақсақалды тамаша кәсіпқой маман, аяулы отағасы, ардақты әке, ата және аймақтың қазыналы қариясы ретінде еске алады.

Дүйсенбай Ахметовтің жарқын бейнесі біздің жүрегімізде сақталады. Марқұмның туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз. Жатқан жері жарық топырағы торқа болсын.

**Жезқазған қалалық ОТҚД КМК бөлімшесінің басшысы Г. Шомаева**
**Кәсіподақ комитетінің төрайымы Ф.Ахметова**

**ЕСКЕ АЛУ**

# Мыңжасар Жанбайұлы ЖАНБАЕВ

*(Руы – Сарғалдақ Қожамсейіт – Жантемір)*



Ұлытау – Жезқазған аймағы тағы да бір аяулы перзентінен көз жазып қалды. Кішкентайымыздан тай-құлындай тебісіп, бірге өскен жан досымыз, ақ халатты абзал жан, медицина саласының ардагері «Мыңжасар Жанбайұлы өмірден озды» деген суыт хабар бізді есеңгіретіп жіберді. Көз жасымызға ерік беріп, еңсеміз түсіп, қабырғамыз қайысты. Ажалдың сұм садағы біздің қатарымызға да келген-ау деген ой бүкіл денемізді қарып өткендей болды. Ешкім де, ешнәрсе де мәңгілік емес екенін санамызға тағы да түсірді.

Жер басып жүргенімізде пендешілікпен бұл жалғанның қас-қағым сәт екенін лезде-ақ менмұндалап өте шығатынын естен шығарып алатынымыз, әрине, өкінішті.

Жетіқоңыр құмының тумасы М. Жанбайұлы 1950 жылы тамыз айында өмірге келіп, орта білімді Жезқазған қаласындағы №8 мектепте алды.

Қарағанды мемлекеттік медицина институтын ойдағыдай тәмамдаған соң, еңбек жолын Жезді аудандық ауруханасында бастады. Теориялық алған білімін өмірде іскерлікпен пайдалана білді.Аға буын мамандардың ақыл-кеңесін тыңдай жүріп, мол тәжірибе жинақтады. Осы жылдар ішінде аудандық ауруханада жедел көмек көрсететін реанимация бөлімінің ашылуына ықпал жасағанын айту артық болмас.

1982 жылы облыстық ауруханада невропатолог болып қызметін жалғастырды. Өзінің іскерлігі мен мамандығына деген сүйіспеншілігі арқасында аурухана жанындағы консультативтік емхананың меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Емхана ұжымы және оның басшысы М. Жанбайұлы тек Жезқазған қаласына ғана емес, аудандарға, шалғай ауылдарға да медициналық көмек көрсете жүріп, облыс көлеміне танымалдығы артты.

Басқару жұмысының сан қилы тетіктерін жан-жақты меңгере білген оған облыстық көпсалалы аурухана бас дәрігерінің орынбасары қызметі ұсынылды. Бұл жерде де емделушілердің өскелең талап-тілегіне сай көптеген игі істерге бастамашы бола білді.

М. Жанбайұлына 1994 жылы Жезқазған қалалық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы міндеті жүктелді. Заман талабына орай жаңа реформаны қолдай отырып, облыстық амбулаториялардың аяғына нық тұруына бағыт-бағдар берді.

1997 жылы Жезқазған облысы жабылғаннан кейін еңбек жолы қалалық тері-венерологиялық диспансерінің бас дәрігері қызметімен жалғасты. Осы емдеу мекемесіне басшылық жасай жүріп 2013 жылы құрметті еңбек демалысына шықты.

М. Жанбайұлы күнделікті жұмыс төңірегінде тоқырап қалмай, білімі мен біліктілігін шыңдауды жадынан шығарған емес. Ресейлік, украиналық әріптестерімен тәжірибе алмасып, елге келген соң көңілге түйгенін әріптестерімен бөлісіп, адам ағзасын сауықтырудың заманауи талабына сай тың әдіс-тәсілдерін ортаға салуды өзінің төл міндеті деп есептейді. Еңбегіне лайықты «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау үздігі» белгісімен марапатталған.

Адамзат ардақ тұтар қадірлі мамандық иесі айрандай ұйып отырған шаңырақтың отағасы, екі баласы Алмат пен Әлияның ақылгөй әкесі, алты немеренің сүйікті атасы болды. Ал, жан жары Фатимамен жарты ғасырдан астам тату-тәтті ғұмыр кешуі – Мәкеңнің сүйгеніне деген шынайы махаббатын көрсетсе керек.

М. Жанбайұлының адамгершілік қасиеттерін сөзбен жеткізу мүмкін де емес. Сүйген кәсібіне адалдығы, жақындарына ғана емес, «Мәке» деп келген бейтаныстардың да келген шаруасына көмектесуі, сондай-ақ таныстарының қайғысы мен қуанышын дер кезінде бөлісуін құптарлық іс дер едік. Сонымен бірге Мәкең бастаған жұмысын соңына дейін жеткізуді, көптің көкейінде жүрген мәселені дәл табуын, кейбір ауқымды істерде көп толғанып барып, шешімді ойын бірақ айтуды өзінің парызы деп біледі. Бірге жүрген әріптестерін, әсіресе достарын үнемі іздеп, телефонмен хабарласып, амандық-саулықтарын сұрап отыратын. Кейде әзілдеп: «Міне, осылай бас қосып отырайық, жақыныңмен араласпасаң жат боласың» дегенді айтушы еді. Әрбір күнді мазмұнды өткізу, өмірге, жақсылыққа құштар болу – Мәкеңнің бойынан табылатын адамгершілік қасиеттердің бір парасы ғана.

Егерде елдің азаматы қандай болу керек деген сұрақ туындаса Мәкеңді мысал ретінде ұялмай көрсетеріміз ақиқат. Біз, Мыңжасар Жанбайұлымен мақтанамыз. Осындай досы бар біздер бақыттымыз.

Мыңжасар Жанбайұлын хаким Абай атамыз айтқандай, өмірге адам болып келіп, адам болып өмірден өтті деуге толық негіз бар. Мәкең түр-тұлғасымен де, адами болмысымен де әрбір қазаққа үлгі болары сөзсіз.

Ертең,яғни қыркүйектің 4 жұлдызында ардақты азамат Мыңжасар Жанбайұлының өмірден озғанына қырық күн толады . Бақұл бол, асыл дос!

**Еске алушы достары: Қабден, Бәкір, Өсербай, Мұрат, Болат, Көбен, Төлеубай, Тұрар, Байсәмет, Рашида, Тәнтай, Сәуле.**

# АЛДЫҢ ЖАРЫҚ БОЛСЫНШЫ, ДАРИҒАЖАН!



Аймағымызға танымал журналист Абдолла Дастановтың зайыбы Дариға Үмбетиярқызы Садақбаева өмірден өтті. Ол жайдары мінезі, парасатты сабыры арқылы ортамыздағы аса қадірлі жандардың бірі еді. Оның қазасы маған да өте ауыр тиді. Көңілдегі ауырлықты бірер ауыз сөзбен жеңілдеткім келді. Дариғаның отбасына, туған-туысқандарына қайғырып көңіл айтамын, «Болған іске болаттай болыңдар, алдағы күндер Сендерге тек қана жақсылық, қуаныш, бақыт сыйласын!» деп тілеймін.

Құдай-ау, тоқтамайтын бұл не қырғын?
Жақсыларды жұтуда біртін-біртін.
Жары мен үш баласын қимай-қимай,
Кетіп қалды-ау Дариға, асыл қызым.

Бекзат едің Дариға, ақылды едің,
Көрікті едің, биязы, тартымды едің.
Болмасақ та, ешқандай туыс-туған
Жүрегіме қызымдай жақын едің.

Жаны жайсаң, ақжарқын ақ Дариға!
Үш баланы баптаған асыл Ана!
«Үйленсе екен үлкені» деп жүргенде,
Жетпей кеттің ойдағы арманыңа.

Жаймашуақ зар болдық замандарға,
Не болды, тоқтамай ма, тажал мына?
Дұға оқып Тәңірге жалынамыз,
Неге көмек бермейсің адамдарға?!

Сәуле шашып жүруші ең жан-жағыңа,
Дұға оқимыз енді біз әруағыңа.
Қосағынан айрылған қасірет қой,
«Бекем бол» деп айтамын Абдоллаға.

Абдолла, айналайын, қарағым-ай,
Көріп тұрсың індеттің зардабын-ай.
Балаларға жоқтатпай Ақ мамасын,
Денсаулық пен күш-жігер берсін Құдай.

Алдың жарық болсыншы, Дариғажан!
Алла берсін орынды жұмағынан.
Жаның таза, ақ көңіл жан едің ғой,
Жарылқасын Тәңірім иманынан!

**Зейнеп ӘБІЛБЕКОВА,**
**Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.**
**Сәтбаев қаласы.**

**БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК KCJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.**

**Меншік иесі:**
**«САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Директор – бас редактор**
**Нұрлан Бақытұлы ИСМАИЛОВ**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Қарағанды қаласында «Типография «Арко» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2000. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс № 34. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.

(А) – материал ақылы.

**100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@ mail.ru whatsApp +7 708 420 19 88**
**Директор – бас редактор: 20-19-88, 71-07-01, бухгалтерия/факс: 71-00-55, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.**

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

# АЛЬЦГЕЙМЕР ЖӘНЕ ҰМЫТШАҚТЫҚ: ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ ҚАНДАЙ?

***Күнделікті өмірде үтікті тоқтан суыруды немесе көліктің кілтін қайда қойғаныңды ұмытып кететін жайттар жиі кездеседі. Қарбаласқан тіршілікте бұл баршамыздың басымыздан өтетін қалыпты құбылыс. Дегенмен егде тартып, ет тартылып, сүйек жеңілдеген кезеңде ұмытшақтық өрши түседі. Бұны ұмытшақтықтан гөрі алжуға жатқызып жатамыз. Десе де, бұның ғылыми зерттеліп, әлі де шешімін, нақты емін таппай келе жатқан күрделі ауру екеніне назар аудара бермейміз. Қартайған шақта есті жоғалту Альцгеймер ауруы деп аталады. Ұмытшақтықтың ең күрделі сатыларына жататын бұл ауруды 1906 жылы неміс психиатры Алоис Альцгеймер нейрогенеративті сырқатқа жатқызған. Түсінікті тілмен сипаттар болсақ, Альцгеймер мидың шаршауы және оның жұмысының азаюына келіп саяды.***



Бүгінде Жер бетінде Альцгеймер ауруымен ауратындар саны күрт артып отыр. Оған соңғы екі жылда дүниені дүрбелеңге салған коронавирус ауруы да себеп болып отыр. 2050 жылға қарай аталған сырқатпен ауратындар саны 135 миллионды алқымдайды деген болжам жасалуда.

Ми қызметі төмендейтін аталған аурудың I кезеңінде қысқа мерзімді есте сақтау қабілетінің бұзылуып, бұған дейінгі ақпараттарды еске түсіру қиындайды. Жаңа ақпаратты қабылдау тіптен ауырлай түседі. Көңіл-күйдің түсу, апатия орын алып, ойды дұрыс жеткізе алмайтын жағдай кездеседі.

II кезеңінде есте сақтау қабілетінің бұзылуы күшейеді. Ұзақ мерзімге есте сақтау қабілеті жайында, ал қысқа мерзімді есте сақтау толықтай бұзылады. Агнозия, яғни, көру, сезу, естудің бұзылуы пайда болады. Сөйлеу қабілеті бұзылады. Сөздік қор азаяды. Жазу қабілеті де төмендейді. Бұл кезеңде науқасты қараусыз қалдыруға болмайды.

III кезеңде науқастың жағдайы тіптен ушыға түседі. Бұл кезеңде парафразия орын алады. Яғни ауруға шалдыққандар сөздерді ұмытып қана коймай, бір сөздің орнына тіптен мағынасы алыс екінші бір сөзді қолдануы мүмкін. Оқу және жазу мүмкіндігі жоғалады. Координацияның шұғыл бұзылуынан науқас киіну, есікті кілтпен ашу сынды күнделікті қарапайым істерді атқара алмай қалады. Науқас өз туыстарын танымайды, өйткені ұзақ мерзімге есте сақтау қабілеті бұзылады. Ол бұрын есінде жақсы сақталған жастық шағын ұмытып қалады. Психикалық-эмоциялық өзгерістер анық байқалады. Сандырақтап қана қоймай, үйден қашып кетуі немесе айналасындағы адамдарға қарсы ұмтылуы мүмкін. Тағы бір өкініштісі, гигиеналық тазалық жайында да мүлде естен шығарады.

Келесі Альцгеймер IV ауыр кезеңінде науқастар толықтай көмекке зәру, оларға күтім қажет етіледі. Сөйлеу қабілеті толықтай жоғалады, кейде қысқа сөйлемдер мен сөздер сақталады. Эмоциялық өзгерістерден агрессиялық күй кейде қайталанып тұрады, бірақ әдетте апатия мен эмоциялық әлсіреу басыңқы келеді. Науқастың қимыл-қозғалысы азаяды, салдарынан бұлшықеттер атрофияға ұшырайды. Науқастар тіпті төсектен тұра алмайды. Мұның салдары басқа өмірге қауіпті аурулардың асқынуына әкеледі. Бұл тұста науқасты психиатрлық ауруханаға жатқызып, ем қабылдаудан басқа шара қалмайды.

Айтуға оңай болғанымен Альцгеймерге шалдыққан адаммен қатар оның жақындары мен туыстарына да өте ауыр екені анық. Осы тұста адами тұрғыдан оларға түсіністікпен қарауға тырысқанымыз абзал.

Ғалымдар зерттеуінше Альцгеймер ауруына ұстаздар қауымы жиі шалдығады екен. Бұл аталған мамандықтың күйзеліске шалдықтыруынан, миды демалтпауынан және көп ашулануынан болса керек-ті. Сол себепті мамандар, әсіресе, педагог мамандарға ми жұмысын жақсарту үшін күнделікті бір тірлікті қайталап істей бермеуге, таза ауада жиі серуендеуге, мидың тынығуына мұрсат беруге кеңес береді.

Бүгінге дейін Альцгеймердің емі табылмай келеді. Сол себепті дәрігерлер оның алдын алу үшін әр күн сайын жұмысқа барар жолды ауыстырып отыруға, ыдыс жуғанда да тек оң қолды пайдаланбай сол қолмен жуып көруге, яғнн күн сайын қайталанатын жұмыстарды керісінше бағытта істеп көруге кеңес береді. Бұл ми жұмысын қалыпқа келтіріп отырады.

Айтқанымыздай, COVID-19 індеті пайда болғалы Альцгеймер ауруына шалдығушылар саны да күрт артты. Коронавирустан жасы 65-тен асқан кісілер айығып жатқанымен, соңы осынау ауруға душар етіп жатыр. Бұл құбылысты зерттеген АҚШ ғалымдары COVID-19 вирусы ми қатпарларын қарқынды түрде зақымдайтынын анықтады. Егде жастағылардың миы бұл аурудың вирустарына төтеп бере алмай қалады.

Сол себепті де жақындарымызды вирус жұқтырып алудан қорғауымыз аса маңызды. Не де болса бір-бірімен тығыз байланысты қос аурудан сақтанудың нақты амалы әзірге белгісіз болып отыр.

**Ай СҮГІР**

ЭКОСОФИЯ

## БОТАШЫҚ ТУРАЛЫ ХИКАЯ

Бір күні Мұхамбет пайғамбардың үйіне қонақ келеді. Қызы Бәтима анамыз:

– Әке қонаққа не береміз? Үйде азық жоқ, – дейді.

Пайғамбар қызына:

– Қонақ өз несібесін ала келеді. Ниетің түзу болса, Алла жар болады. Қазанға тас салып қайната бер! – дейді. Қызы солай жасайды. Сәлден соң, қазанды қараса тастар сары, қызғылт түсті тағамға айналыпты. Оны дастарқанға әкеліп қояды.Қонақтар дәмін татып ұнатады. Кешке Бәтима әкесінен:

– Әке, бұл не тамақ? – деп сұрайды. Пайғамбар:

– Бұл – тәтті тамыр. Алла бізді ұялтпас үшін құдіретімен тасты тәтті тамырға айналдырды, – депті. Бұл тағам – картоппен тұқымдас. Оны мұсылмандар «батат», европалықтар «пота», ал қазақта «боташық» деп атайды екен.

## ЖАРҒАНАТТЫҢ ЖАРАЛУЫ

Бір күні Ғайса пайғамбар бір топ балықшыға кезігеді. Олар Ғайсаға:

– Әй, Ғайса, сені елші дейді. Сол рас па? – деп сұрайды. Ғайса:

– Ия пайғамбармын, – дейді.

– Пайғамбар болсаң, керемет көрсетші. Елші екеніңе сенейік.

– Мұғжиза тек құдайдың қалауымен болады. Иман келтірсең, керемет көрсетемін. Қызық үшін сұрасаң, кесірі ұрады, – дейді. Балықшылар бір ауыздан келіседі.

– Қандай керемет көрсетейін? – дейді Ғайса. Бірінші балықшы аудағы балықты көрсетіп:

– Мынаның аузынан құс шығар, денесі жүнсіз болсын! Аузына дем сал, көз алдымызда ұшсын! – дейді. Екінші балықшы:

– Құстың тұмсығы болмасын, басы қойдан аумасын! Тістері болсын, бірақ шөп те, ет те жемесін. Қорегі қан болсын! – дейді. Үшіншісі:

– Құлағы есектің құлағына ұқсасын, бірақ естімесін! Көзі болсын, бірақ көрмесін! Аяғы болсын, бірақ жүрмесін! – дейді. Төртіншісі:

– Құстың емшегі болсын! Бір емшегінен сүт ақсын, екіншісінен су ақсын! Өз емшегін өзі сорсын! – дейді. Бесінші:

– Құстың қанаты кеменің желкеніндей болсын, бірақ суда жүзбесін! – дейді. Алтыншы адам:

– Құс жұмыртқа баспасын, толғатып тусын! – дейді.

Жетіншісі:

– Әй Ғайса, жаратқан құсың мен сияқты шықылықтап күлетін болсын! деп оттай салады. Ғайса балықтың аузынан бір құс шығарып:

– Сұрағандарың осы ма? – деп, балықшыларға лақтырып жібереді. Түрі сиықсыз, аузында тісі, салбыраған екі құлағы, екі емшегі бар мақұлықты көргенде, олардың зәресі ұшады. Құсты жерге тастай салып:

– Елші екеніңе сендік. Мынаның қарасын жылдам құрт! Түрі неткен қорқынышты, – дейді. Ғайса:

– Алла «Күн» деп әмір бергенде жаралмайтын зат жоқ. Қанша жерден қиялмен қиындатсаң да, Тәңірім қиыннан қиыстырады, – дейді.

Балықшылар:

– Ау, бұл зәремізді ұшырды ғой. Көрген адамның жүрегі жарылып өлер, – дейді.

– Ендеше, тек түнде ұшсын, адамға көрінбесін! – дейді Ғайса.

Осылайша жарғанат балықшылардың қиялынан туған екен. Жұртты үркітпеу үшін тек түнде ұшатын болыпты.

**«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан**

COVID – 19



# АУРУДАН КЕЙІН ДЕ САҚТАНУ ҚАЖЕТ

Алғашында бұрын ешқашан ойлап көрмеген, миымызға да, тілімізге де аса таңсық коронавирус ұғымы қазіргі күні қалыпты жұқпалы індет сипатына енгені жасырын емес. Дегенмен осы тұста адамдардың аталған індетке деген қорқынышы да сейіліп бара жатқандай көрінетінін де айтпасқа болмас. Бұлай дейтініміз ауру саны артып, індетке шалдыққандар саны көбейгеніне қарамастан маскалық режим мен әлеуметтік арақашықтықты сақтауды естен шығарған халық санының молдығы. Жаңа оқу жылы жақындаған тұста сауда орталықтарында балаларына мектепке қажетті киім-кешек пен құрал-жабдықтар іздеген ата-аналардың да қарасы қалыңдады. «Ashyq» қосымшасымен жұмыс істеуге көшкен мекемелердің де бағдарламаны тұрақты түрде қолданып жатпағанын да көзіміз шалып жүр. Бұған қоса айта-айта жауыр болуға таяған отбасылық, ұжымдық басқосуларда салынып жатқан айыппұл көлеміне қарамастан азаяр емес. Инфекциялық стационарда ем алып жатқан науқастардың басым бөлігі жасырын түрде тойханаларда немесе тұрғын үйлерде өткізілген кісі көп жерлерге барып ауру жұқтырғандар.

Бүгінде COVID-19 індетіне қарсы күресте бірден-бір амал – вакцина алу. Бұл пікірді құптайтындар санының бастапқыға қарағанда әжептеуір артқаны көңіл қуантады. Қаламыздағы медициналық орталықтың терапевт-дәрігері Гүлназ Еспенбеттің айтуынша қазір вакцина алушылар саны азайған. Себебі мемлекеттік мекеме мамандары мен сауда және ойын-сауық орталықтары қызметкерлері 1 қыркүйекке дейін екпе компоненттерін алып үлгерген. Ал вакцина алмаған және оған қарсы тұрғындармен кездесулер ұйымдастырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқан көрінеді.

Әлемдік статистика мәліметтеріне сүйенер болсақ, коронавируспен ауырып жазылған науқастардың көбі когнитивті қызмет, зер салу, есте сақтау қабілеті нашарлағанын айтқан. Олардың ішінде COVID-19-бен жазылып шыққандардың бірсыпырасы бастары ауыратынын, күші сарқылып, бір мезеттерде ойлау қабілеті тоқтап қалғандай сезімде болатынын жеткізіпті. Бұны ғалымдар COVID-19-дың миға да зақым келтіруі мүмкін екенімен және ауру күрделілігі жоғары болған науқастардың ішкі дертке қайта шалдығудан қорқуы себепті туындауы мүмкін екенін айтады. Дегенмен Жезқазған аймағы бойынша індет жұқтырып, жазылып шыққаннан кейін психологиялық күйзеліске түскендер тіркелмеген. Емделіп шыққан тұрғындарға Көкшетаудағы шипажайларға жолдама беріліп, қалпына келтіруге арналған ем-домдық шаралар да жалғасын табуда.

Дәрігерлер коронавирусқа шалдығып, емделіп шыққан науқастарға ет пен балықты жиі тұтынуға, күнделікті ас мәзіріне міндетті түрде жемістер мен көкөністерді қосуға кеңес береді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ӨРТТІҢ ҚАУПІН ЕСКЕРУ МАҢЫЗДЫ

***Күз, қыс айларында жекеменшік тұрғын үйлерде өрт оқиғаларының жиілеп кететіні баршаға мәлім. Оның басты себебі ретінде, көбіне, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталмауын, пешті және электр құрылғыларын дұрыс пайдаланбауды, немқұрайлы қарауды айтуға болады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес пешті дұрыс пайдаланбаудан болатын өрт оқиғалары үшінші орында тұр. Шамамен алғанда, тұрғын үйлерде орын алып жататын әрбір оныншы өрт оқиғасы пештің ақаулы болуынан немесе оны дұрыс пайдаланбағаннан туындап жатады. Бұл жағдайда өртенген үйдің иесі емес, сондай-ақ көршілері де баспанасыз қалуы әбден мүмкін. Тіпті, ең өкіністісі сол, өрт оқиғасы салдарынан адамдардың ажал құшуы да кездесіп отырады. Сондықтан, қайғылы жағдайды болдырмас үшін, баспананы сақтау үшін төмендегі ережелерді біліп және оны күнделікті сақтап жүру қажет.***

• Жылу беру маусымы басталар алдында пеш пен оның түтін шығар мұржасын барынша тазалап, жарылған жерлері болса сылап, жөндеп, сыртын ақтап қою қажет.

• Ағаш құрастырмаларға жанастыра салынған немесе қабатаралық жабынды арқылы жүретін түтін шығатын мұржаның сырты кірпіш қалау арқылы қалыңдатылып бөлінуі тиіс. Пештің де сыртын қалыңдатқанды ұмытпаған жөн.

• Жанып тұрған пешті қараусыз қалдыру немесе оны балаларға тапсырып кету өте қауіпті саналады. Пешті тұтандыру үшін тамызыққа жылдам жанатын жанар - жағар майларды пайдалануға болмайды.

• Әрбір пештің өзінің іргетасы болуы және бір беті бөлмедегі ағаш құрастырмасына толығымен жанаспай, бөлек тұруы қажет. Олардың арасынан ауа өтетіндей саңылау қалдырылып, аулақтау салынуға тиіс.

• Пештің алдындағы (от жағар аузындағы) ағаш еденнің үстіне ені 50, ұзындығы 70 сантиметр шамасында қалың қаңылтыр қағылады.

• Пешті аязды суық күндердің өзінде өте қатты қыздырып, қатты жағуға болмайды. Одан шамалап, арасында үзіліс жасап жаққан жөн. Қатты қызудан түтін шығатын мұржаның қабырғалары жарылып, одан от ұшқындары ұшуы мүмкін. Пеш өте қатты қызып кетпес үшін әрбір жарты сағат сайын емес, күніне 2-3 рет жағуға кеңес беріледі.

• Ұйқыға жатардан 3 сағат бұрын пешке от салу тоқталуы керек.

• Кірпіш қалауларының арасында жарықшақтар пайда болмас үшін түтін шығатын жолдарда жиналып қалатын ыстан үзбей тазалап тұру қажет.

• Пештің үстіне дымқыл ағаш, ылғал отын кептірмеңіз. Сонымен қатар, қандайда бір болмасын жиһаздың, перделердің от жағылатын пештен жарты метрден кем емес қашықтықта болуына назар аударыңыз.



• Пешті тұтандыру үшін пештің ішіне сыймайтын ұзын ағашты пайдалануға мүлде болмайды. Оттың жалыны тысқары тұрған заттарға тиіп, еден мен қабырғаны шарпып, өрт кетуі мүмкін.

• Пешке және түтін шығатын жолдарға жанасатын тез тұтанатын және жануы қиындау ғимарат құрылысының (қабырға, жабынды, арқалықтар) бөліктерінің жанбайтын материалдармен бөлінуіне назар аудару қажет.

• Пешті жөндеуге және қалап шығуға тек әбден машықтанған мамандарды шақыру керек.

Өрт шыға қалған жағдайда абдырап, саспаңыз. Көршілерді көмекке шақырыңыз, 101 нөміріне қоңырау шалып, өрт сөндірушілерге хабарлау керек. Ал, өзіңіз кәсіби көмек келіп жеткенше дауыстай жүріп адамдарды құтқаруға және қолдағы бар құралдарды пайдаланып өртті сөндіруге кірісіңіз. Тек адамдардың жұмыла кірісуі мен өзара көмегі сіздің және айналаңыздағы адамдардың апаттан аман қалуына, қайғылы оқиғаның алдын алуға көмегін тигізеді.

Жезқазған қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы қала тұрғындарымен қонақтарына ескертеді, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 438-бабына сәйкес, бұзақылық ниетпен арнайы қызметтерді көрінеу жалған шақыру әкімшілік жауапкершілікпен жазаланады.

**«101», «112» мемлекеттік өртке қарсы қызметтің телефондарына адам өміріне қатер төнген кезде, өрт пайда болуы немесе өртенуі қаупі болған кезде ғана қоңырау шалу керектігін еске салады.**

**Ләззат ТӨЛЕУҒАЛИЕВА,**
**Жезқазған қаласы ТЖБ бастығы**

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ:**
**Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы 8(7102) 74-11-34.**